



ҚАЗАҚ-МАЖАР БАУЫРЛАСТЫҒЫНЫҢ ТАРИХЫ ТЕРЕҢ

Мажарстанға мемлекеттік сапармен барған Президент Қасым-Жомарт Тоқаевты Будапешт қаласындағы Король сарайының Арыстандар алаңында ресми қарсы алу рәсімі өтті.

НӘТИЖЕЛІ ЭКОНОМИКАЛЫҚ СЕРІКТЕСТІК ЖОЛҒА ҚОЙЫЛҒАН

Мемлекет басшысын әскери оркестрдің сүйемелдеуімен Мажарстан Премьер-министрі Виктор Орбан қарсы алды. Құрмет карауылының бастығы рапорт бергеннен соң екі елдің мемлекеттік әнұрандары шырқалды. Содан кейін Құрмет карауылы мен салт атты гвардия салтанатпен сап түзеп өтті. Қасым-Жомарт Тоқаев пен Виктор Орбан бір-біріне ресми делегация мүшелерін таныстырды.

Шандор сарайында Қасым-Жомарт Тоқаевты Венгрия Президенті Тамаш Шуйок қарсы алды. Бірге суретке түсу рәсімінен кейін Қазақстан Президенті Құрметті қонақтар кітабына естелік жазба қалдырды.

Түскі ас форматында өткен кездесу барысында президенттер екіжақты



ынтымақтастықтың кенауқымды бағыттарын талқылады. Мемлекет басшысы дипломатиялық қарым-қаты-

нас орнаған отыз жылдан астам уақытта бауырлас қос халық арасында тығыз саяси диалог, нәтижелі эконо-

микалық серіктестік және берік мәдени-гуманитарлық байланыстар жолға қойылғанын атап өтті.

– Қазақстан мен Мажарстан ортақ тарих пен мәдениетке арқа сүйей отырып, екіжақты берік байланыс орнатты. Еуропадағы алғашқы елшілігіміз осыдан 30 жыл бұрын Будапешт қаласында ашылған болатын. Екі елдің нәтижелі ынтымақтастықты дамытуда зор әлеуеті бар. Мажарстан Қазақстанның тәуелсіздігін алғашқылардың бірі болып мойындады. Мұны ерекше атап өту керек. Менің осы сапарым көпқырлы ықпалдастықты одан әрі тереңдетуге Қазақстан мен Мажарстанның ниетті екенін көрсетеді, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент сауда-экономикалық және инвестициялық ынтымақтастық аясын кеңейтудің маңызына айрықша тоқталды. Оның айтуынша, энергетика, көлік-логистика, металлургия, жанарғылыатын энергия көздері, ауыл шаруашылығы, фармацевтика, тамақ өнеркәсібі және басқа да салаларды дамыту мәселесінде екі елдің мүдделері сай келеді.

Өз кезегінде Тамаш Шуйок Қазақстан мен Мажарстан географиялық тұрғыдан алшақ жатқанымен, қос халықтың тарихы мен мүддесі ортақ екенін айтты.

(Жалғасы 2-бетте)

БҮГІНГІ НӨМІРДЕ:

ФИЛОСОФИЯ – ШЕКАРАСЫЗ ІЛІМ

Еуропаның XIII ғасырдың басында ашылған атақты оқу орындарының бірі Римдегі Сапиенца университетінде XXV Дүниежүзілік философия конгресі өтті.



→ 7

ҰСТАЗДАР ҰСТАХАНАСЫНА – 80 ЖЫЛ

Биыл Қазақ ұлттық қыздар университетінің құрылғанына – 80 жыл. Ғасырға жуық уақытты артқа тастаған оқу ордасының негізі сұрапыл соғыс өрті тұтанып тұрған уақытта қаланған еді.



→ 8

ҚАРТТАРДЫҢ АУЛАСЫН ҚАРДАН ТАЗАЛАДЫ

Биыл күздің соңғы айы қарашада қалың қар түсіп, коммуналдық қызметтер тәулік бойы екі ауысымда жұмыс істеп, күн сайын қаладан жүздеген жүк көлігі қар шығарып жатыр.

Ал көптеген жеке сектор тұрғындарының, өсіресе жалғыз тұратын зейнеткерлердің ауласын қардан тазартуға мүмкіндіктері жоқ. Қарт кісілерге қар тазалау физикалық тұрғыдан қиын әрі өте қауіпті екені белгілі. Сондықтан оларға көмектесу, жәрдемдесу жастар үшін қалыптасуы тиіс. Бүгінде Астанада қалыптасқан жақсы үрдіс бар. Жастар қаладағы түрлі жағдайдағы өзіне қолайлы орта жасай алмайтын тұрғындарға көмектесіп, отынын, көмірін түсіріп, ауласының қарын, мұржасының күйесін, пешін тазалап беруге дағдыланған.

→ 6



МӘСЕЛЕ

ПЕРСПЕКТИВАЛЫ ӨНДІРИСТЕН ТЫС ҚАЛМАСАҚ ИГІ

Мұнай-газ химиясы (МГХ) – ұлан-ғайыр табыс әкелетін сала. Халықаралық энергетика агенттігінің дерегінше, МГХ өнімдерінің әлемдік өндірісі жылына орташа 3-4%-ға өседі. 2023 жылы оның жаһандық нарығының ауқымы 590 млрд доллардан асып түсті. Ал 2030 жылға қарай осы көрсеткіш бір триллион долларға жуықтайды деп болжанады. Бұл саланы өркендетуге қажетті инфрақұрылым елімізде бар, бірақ шикізат тапшы. Энергетика министрлігі мұнай-газ химиясын дамытуға келесі жылы серпін бермек.

ШИКІЗАТ МОЛ, БІРАҚ ЖЕТКІЛІКСІЗ

Еуразиялық даму банкінің статистикасына жүгінсек, әлемдегі мұнай-газ өндіруші ірі елдердің бола отырып,

Қазақстан мысалы, одан алынатын полимерлер өндірісінің жаһандық көлемінің бар-жоғы 0,1% үлесін иеленді. Бұл, әрине оның ресурстық әлеуетіне мүлдем сай келмейді.

(Жалғасы 5-бетте)



БАСПАСӨЗ-2025



АІОҰН

АІОҰН республикалық қоғамдық-саяси газетіне 2025 жылға жазылу басталды

Жазылу түрлері	Индекс	Жазылу мерзімі	Редакциялық баға	«ҚАЗПОШТА» АҚ жазылу бағасы	
				Қала	Ауыл
Заңды тұлғалар үшін	15102 - AIQYN	6 ай 12 ай	10 500 21 000	15 871,08 31 742,16	11 854,86 23 709,72
Жеке жазылушылар үшін	65102 - AIQYN	6 ай 12 ай	6 250 12 500	7604,46 15208,92	



Анықтама телефондары:

«Қазпошта» анықтама бөлімі: 8 (7172) 58-02-96
Жазылу және тарату бөлімі: 8 (778) 837-07-21



АҚОРДА

21 ҚАРАША 2024 | БЕЙСЕНБІ

ҚАЗАҚ-МАЖАР БАУЫРЛАСТЫҒЫНЫҢ
ТАРИХЫ ТЕРЕҢ

(Басы 1-бетте)

— Ұлы Жібек жолының бойында орналасқан Қазақстан — бүгінде Орталық Азияда экономикалық даму тұрғысынан жетекші ел. Сіздің еліңіз үшін халықтар арасындағы достық пен ынтымақтастықты сақтау — маңызды басымдық. Қазақстан бейбітшілік пен тұрақтылыққа зор үлес қосып келеді. Бүгінде елдеріміз көпқырлы ынтымақтастықты нығайтуға және тұрақты байланыстарды ілгерілетуге күш салып отыр. Біздің мәдени қарым-қатынасымыз ғасырлардан тамыр тартады. Мажарлар қазақтардың тұрмыс-салтымен жақсы таныс. Алматы қаласының атауы біздің ана тілімізде өзгелі естіледі. Өйткені халқымыз алманы «алма» деп айтады, — деді Мажарстан Президенті.

Әңгімелесу барысында тараптар екі елдің мәдени-гуманитарлық байланыстарын күшейтуге айрықша мән берді. Әсіресе, Қазақстан мен Мажарстанның жетекші жоғары оқу орындары арасындағы академиялық және ғылыми байланысты жандандыру қажет екеніне назар аударды. Сонымен қатар президенттер өңірлік және халықаралық күн тәртібі, соның ішінде көпжақты құрылымдар аясындағы ықпалдастық жөнінде пікір алмасты.

ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ
ЫНТЫМАҚТАСТЫҚТЫ
НЫҒАЙТУДЫҢ КЕЛЕШЕГІ ЗОР

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақ-мажар инвестициялық дөңгелек отырысыне қатысты. Мемлекет басшысы, ең алдымен, екі ел арасындағы экономикалық қарым-қатынас қарқынды дамып келе жатқанын атап өтті. Бүгінгі таңда алғашқы мемлекеттік сапары қазақ-мажар стратегиялық серіктестігінің жаңа кезеңіне жол ашатынын жеткізді.

— Биыл Қазақстан мен Мажарстанның Стратегиялық серіктестік туралы декларацияға қол қойғанына 10 жыл толды. Осы уақыт аралығында біз өзара сенім мен ортақ мақсаттарға негізделген тығыз ынтымақтастықтың іргесін қаладық. Мажарстанның Қазақстанға құйған инвестициясы 370 миллион долларға жетті. Елімізде мажарлардың 70-тен астам компаниясы табысты жұмыс істеп жатыр. Олардың қатарында MOL Group және Gedeon Richter секілді компаниялар бар. Қазіргі таңда машина жасау, ауыл шаруашылығы және логистика салаларында жалпы инвестиция көлемі 540 миллион доллардан асатын бірлескен жобаларды жүзеге асыру мәселесі пысықталып жатыр, — деді Президент.

Мемлекет басшысы Қазақстан жаңа саяси және экономикалық парадигмаға бет бұрғанын айтты. Білім мен инновацияны ту еткен өзгерістер бұл үдерістің басты қағидағына айналды.

Президент Мажарстан бизнесмендеріне энергетика, сирек кездесетін материалдарды өндіру, көлік және логистика, ауыл шаруашылығы, фармацевтика, цифрландыру, қаржы нарығы секілді маңызды салаларда инвестициялық ынтымақтастықты нығайтудың келешегі зор екенін мәлімдеді.

Қасым-Жомарт Тоқаев сөзін қорытындылай келе, мажар компанияларының басшыларын келесі жылы мамыр айында өтетін Астана халықаралық форумна қатысуға шақырды.

Жиын қорытындысы бойынша ауыл шаруашылығы, көлік инфрақұрылымын цифрландыру, білім салаларына және бірлескен инвестициялық жобаларды қолдауға қатысты 7 коммерциялық құжатқа қол қойылды.

МӘДЕНИ-ГУМАНИТАРЛЫҚ
БАЙЛАНЫСТЫ
ТЕРЕҢДЕТУ ӨЗЕКПІ

Президент Мажарстанның Мемлекеттік жиналыс Төрағасы Ласло Кёвермен кездесті. Мемлекет басшысы Қасым-

Жомарт Тоқаев Ласло Кёвермен әңгімелесу барысында өзінің Мажарстанға сапары екі елдің сан қырлы ынтымақтастығын жаңа белеске көтеретінін айтты.

Бұл орайда Президент екі елдің парламентарлық ықпалдастығы маңызды рөл атқаратынын ерекше атап өтті.

— Қазақстан мен Мажарстанның заң шығарушы органдары арасындағы қарым-қатынасты жандандыруды күптаймын. Бұл қос халықтың өзара түсіністігін нығайтуға ықпал етеді деп санаймын. Орайлы сәтті пайдалана отырып, Сізді Қазақстанға сапармен келуге шақырамын, — деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев бұл бағыттағы бірлескен іс-қимыл сауда-экономикалық әріптестікті кеңейтіп, мәдени-гуманитарлық байланысты тереңдетуге тын серпін беретініне сенім білдірді.

Мемлекет басшысы жоғары білім саласындағы қатынастарды арттыруға баса мән берді.

— Жаңа ғана Мажарстанның жетекші жоғары оқу орындарында білім алып жатқан қазақстандық студенттермен кездестім. Сіздің еліңізде оқитын және білім алуға ниетті жастарды әрдайым қолдаймыз. Бұл байланыстар елдеріміз арасындағы «алтын көпірге» айналады, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Өз кезегінде Мажарстанның Мемлекеттік жиналысының Төрағасы парламентарлық ықпалдастықты дамытуға жан-жақты қолдау көрсеткені үшін Қазақстан Президентіне алғыс айтып, заң шығарушы органдардың ынтымақтастығын одан әрі нығайтуға бар күш-жігерін жұмсайтынын жеткізді. Сонымен қатар екіжақты күн тәртібін барлық бағыты бойынша стратегиялық серіктестікті тереңдету қажет екеніне назар аударды. Кездесуде халықаралық аренадағы жағдай да талқыланды.

Бұдан кейін Қасым-Жомарт Тоқаев пен Ласло Кёвер Мажарстан Парламентінің ғимаратын аралап көрді.

АЙМАҚТЫҚ МӘСЕЛЕЛЕР
ЖӨНІНДЕ ПІКІР АЛМАСТЫ

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Мажарстанға мемлекеттік сапары аясында Премьер-министр Виктор Орбанмен келіссөз жүргізді. Кездесу достық рәушете өтті. Бұл екі ел арасындағы өзара сенімнің жоғары екенін көрсетеді.

Келіссөздер барысында ынтымақтастықтың басым бағыттары мен екіжақты қарым-қатынасты одан әрі тереңдету перспективалары талқыланды. Қазақстан Президенті Мажарстанды еліміздің Еуропа Одағындағы сенімді стратегиялық серіктесі, сондай-ақ достас әрі бауырлас мемлекет ретінде атап өтті.

Президенттің айтуынша, Мажарстанға мемлекеттік сапары екіжақты ынтымақтастықты дамыту, соның ішінде энергетика, көлік-логистика сияқты бағыттарға тын серпін беруді көздейді. Бұл ретте мұнай-газ секторы мен ауыл шаруашылығы, логистика, атом өнеркәсібі және қаржы салаларындағы бірлескен жобаларды жүзеге асыру мәселелеріне баса мән берілді.

Қасым-Жомарт Тоқаев пен Виктор Орбан жоспарланған бастамаларды табысты орындау үшін екі ел үкіметтері қолайлы жағдай жасауға дайын екенін растады. Мажарстан Премьер-министрі сапар барысында қол жеткізілген уағдаластықтар өзара ықпалдастықты одан әрі кеңейте түсетініне сенім білдірді.

Бұдан бөлек, тараптар аймақтық және халықаралық күн тәртібіндегі мәселелер, соның ішінде көпжақты құрылымдар аясындағы байланыстар жөнінде пікір алмасты. Қасым-Жомарт Тоқаев Виктор Орбанның Түркі мемлекеттері ұйымының халықаралық аренадағы рөлін арттыруға қосқан үлесін жоғары бағалады.

Қазақстан Президенті мен Мажарстан Премьер-министрі екі елдің ресми делегация мүшелерінің қатысуымен кеңейтілген құрамда келіссөз жүргізді.

Қасым-Жомарт Тоқаев мажар тарапына арнайы шақыруы және көрсеткен сый-құрметі үшін ризашылығын білдіріп, қос халықтың тарихи және мәдени жақындағын атап өтті.

— Достас әрі бауырлас Мажарстанның астанасына келгеніме қуаныштымын. Бүгінгі сапарымның басты мақсаты — екі ел арасындағы көпжоспарлы ынтымақтастыққа тын серпін беру, — деді Мемлекет басшысы.

Тараптар екіжақты ықпалдастықтың өзекті мәселелерін талқылап, бірқатар маңызды уағдаластыққа қол жеткізді. Атап айтқанда, Қазақстан — Мажарстан инвестициялық қорын құруға келісті. Келіссөз барысында сауда-экономика, энергетика, мұнай-газ, көлік, білім салаларындағы байланыстардың негізгі бағыттары талқыланды.

ТИІМДІ САЯСИ ДИАЛОГ ЖҮРГІЗУ —
МАҢЫЗДЫ МІНДЕТ

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев пен Мажарстан Премьер-министрі Виктор Орбан келіссөздер қорытындысы бойынша БАҚ өкілдерінің алдында бірлескен мәлімдеме жасады.



Мемлекет басшысы қазақ пен мажар тереннен тамыр тартатын туыс халықтар екенін атап өтті. Президенттің айтуынша, әйгілі Дунай мен көне Алтайдың арасы алғаш болса да, тағдырлас екі мемлекеттің тілегі — ортақ, арманы — бір.

— Отыз жыл бұрын Қазақстан өз еліміздің Орталық Еуропадағы тұңғыш елшілігі болды. Содан бері екі ел арасындағы қарым-қатынас ойдағыдай дамып келеді, арамды тек достық, жақсы ниет қана бар. Елдеріміздің экономикалық әлеуеті мол, оны толыққанды игеру өте маңызды. Сондықтан бұл сапарымның басты мақсаты — ынтымақтастығымызға жаңа серпін беру. Мажар елі — Қазақстанның Еуропа Одағындағы сенімді стратегиялық әріптесі. Бүгінгі берік саяси ынтымақтастық пен тығыз экономикалық байланыс — соның айқын дәлелі. Жаңа ғана Жоғары Мәртебелі Виктор Орбан мырзамен мазмұнды келіссөздер өткіздік. Премьер-министр мырзаның былтыр Астанаға жасаған ресми сапарында көптеген уағдаластыққа қол жеткізген едік. Бүгін соны қайта пысықтап, ықпалдастықтың жаңа бағыттары туралы әңгімелестік. Биыл екі елдің стратегиялық әріптестік орнатқанына 10 жыл толды.

Келіссөздер барысында серіктестігіміздің болашағын талқылады. Тиімді саяси диалог жүргізу және ортақ экономикалық жобаларды іске асыру — өте маңызды міндет. Сондай-ақ көпжақты ықпалдастықты нығайта түсу қажет. Осы орайда бүгін Бірлескен мәлімдеме қабылдадық. Қазақстан мен Мажарстан арасындағы санқырлы байланысты күшейту қос халықтың мүддесіне сай келеді, — деді Президент.

Келіссөздер барысында екіжақты сауда-саттық көлемін арттыруға, инвестициялық ынтымақтастықты тереңдетуге баса мән берілді.

— Қазір әлемде экономикалық және энергетикалық дағдарыс белең алып тұр. Соған қарамастан, екі елдің өзара тауар айналымы жылдан жылға ұлғайып келеді. Былтыр бұл көрсеткіш алдыңғы жылмен салыстырғанда 9 пайызға артты. Алдағы жеке — өзара алыс-берісті 1 миллиард долларға дейін арттыру. Біз Мажарстанға жалпы құны 700 миллион доллар болатын 95 тауар түрін жеткізуге дайынбыз. Энергетика, металлургия, мұнай-химия, машина жасау, ауыл шаруашылығы және құрылыс саласының өнімдерін экспортқа шығаруға мүмкіндігіміз бар. Мажар компаниялары Қазақстандағы инвестициялық жобаларға қызығушылық танытып отыр. Елімізге 2005 жылдан бері 370 миллион доллар мажар инвестициясы тартылды. Мен бүгін Мажарстандағы ірі компания басшыларымен кездестім (MOL, OTP Group, Gedeon Richter). UBM холдингімен жем шығаратын үш зауыт салу туралы жобаға қол қойдық. Оның құны — 62 миллион доллар. Экономикалық байланысты жаң-

— Биыл Астанада өткен Дүниежүзілік көшпенділер ойындарына Мажар құрама командасы белсене қатысты. Қолдауларыңызға рақмет айтамын. Мұндай іс-шаралар өркендетіміздің, тарихымыздың тамыры ортақ екенін көрсетеді. Бауырлас халықтарды жақындата түседі. Мажар үкіметінің қолдауымен соңғы 10 жылда Қазақстан студенттеріне оқу гранттары бөлініп жатыр. Соның нәтижесінде бірнеше мың жастарымыз Мажарстанның жоғары оқу орындарында білім алды, — деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев сөзін қорытындылай келе, екі елдің көпжақты ынтымақтастығы Біріккен Ұлттар Ұйымы, Түркі мемлекеттері ұйымы, Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымы сияқты құрылымдар аясында табысты дамып келе жатқанына назар аударды. Әсіресе, Мажарстан Премьер-министрі Виктор Орбанның Түркі мемлекеттері ұйымының жұмысына белсене атсалысып, түркі интеграциясының өрісін кеңейтуге елеулі үлес қосып жүргенін ерекше бағалайтынын жеткізді.

Виктор Орбан Қазақстан Президентінің Мажарстанға сапары соңғы рет 17

дандыру — уақыт талабы. Сирек металдар, су және ауыл шаруашылығы саласының әлеуетін толық пайдалануымыз керек. Тауар түрін көбейту, инновациялық технология тарту, энергетика, цифрландыру, көлік саласындағы әріптестікті нығайту — өте өзекті мәселе. Сол арқылы серіктестіктің жаңа бағыттарын дамытамыз. Қазақстан-Мажарстан Үкіметаралық комиссиясы мен Стратегиялық кеңесі сауда-экономикалық және инвестициялық ықпалдастыққа зор үлес қосып келеді, — деді Мемлекет басшысы.

Екі ел делегациялары келіссөздер кезінде маңызды стратегиялық сауда жолының бірі Транскаспий халықаралық көлік дәлізінің әлеуетін талқылады.

— Бүгін KTZh Express, L.A.C. Holding және Xi'an Free Trade Port Construction and Operation компаниялары арасында ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды. Бұл — аймақтағы экономикалық қарым-қатынастың жарқын көрінісі. Құжат елдеріміздің арасындағы сауда және көлік байланысын нығайтуға жол ашады. Инфрақұрылым, логистика және халықаралық сауданы дамытуға мүмкіндік туады. Азиядан Еуропаға құрылғылар тасымалданып жүргенін 85 пайызға Қазақстан арқылы өтеді. Алдағы уақытта бұл бағытпен 10 миллион тонна жүк жеткізілетін болады, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы тараптардың мәдени-гуманитарлық байланысты нақты іс-шаралар арқылы күшейту жөнінде уағдаласқанын жеткізді.

жыл бұрын болғанын еске салып, Қасым-Жомарт Тоқаевтың мемлекеттік сапармен келуі екі елдің стратегиялық серіктестігін кеңейту тұрғысынан маңызды екеніне назар аударды.

— Келіссөздер барысында сауда-экономикалық байланыстарды нығайту мәселесін ғана талқылаған жоқпыз. Сондай-ақ екі халықтың достығы мен тарихи тамырластығы туралы сөз қозғадық. Жалпы, сауда-саттықты дамыту, энергетикалық ресурстардың жаңа көзін іздеу және халықаралық энергия тасымалдау бағыттарын құру екі елдің өзара мүддесіне сай келеді. Біз бүгін Президент мырзамен мажар-қазақ экономикалық ынтымақтастығының әлеуетін толық пайдалану үшін барынша күш-жігер жұмсауға уағдаластық, — деді Виктор Орбан.

Сондай-ақ жұмыс сапары барысында Қасым-Жомарт Тоқаев Будапешт қаласындағы Халықаралық дзюдо федерациясының (IJF) штаб-пәтеріне барып, федерация президенті Мариус Визермен кездесті. IJF басшысымен әңгімелесу барысында осы танымал спорт түрін елімізде дамыту перспективасы талқыланды. Мариус Визер Қазақстан дзюдоны қолдауға арналған дәйекті шараларды жүзеге асырып жатқанын атап өтті. Сонымен қатар спортшыларымыздың халықаралық жарыстардағы нәтижелеріне және Қазақстан дзюдо федерациясының жұмысына жоғары баға берді.

Сапар соңында Мажарстан Премьер-министрі Виктор Орбан Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевты Будапешт аужайынан құрмет көрсетіп, шығарып салды.

СЕНАТ

СЕНАТ ТӨРАҒАСЫ ЖАПОНИЯНЫҢ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЕЛШІСІМЕН КЕЗДЕСТІ



Сенат Төрағасы Мәулен Әшімбаев Жапонияның Қазақстан Республикасындағы Төтенше және өкілетті елшісі Джун Ямадамен кездесті. Кездесу елшінің Қазақстандағы дипломатиялық миссиясының аяқталуына байланысты ұйымдастырылды.

Палата Спикері дипломатка екі елдің ынтымақтастығын нығайтуға және Астана мен Токио арасындағы саяси-экономикалық байланысты арттыруға қосқан үлесі үшін алғыс білдірді. Сұхбат кезінде экология, энергетика, ауыл шаруашылығы, ғылым, жоғары білім және әділет саласын-

дағы өзара тығыз қарым-қатынас орнағаны сөз болды.

Сонымен қатар Мәулен Әшімбаев Жапония Қазақстанның Азия-Тынық мұхиты өңіріндегі маңызды серіктесі екенін атап өтті. Осыған байланысты ол екі елдің парламентаралық қатынастарын

одан әрі жандандыру қажеттігіне назар аударды.

«Ел Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев Қазақстан мен Жапония арасындағы ынтымақтастықты нығайтуға баса мән беріп келеді. Бүгінде «Орталық Азия+Жапония» форматы нәтижелі жұмыс істеп келе жатыр. Осы орайда біз Жапонияның Орталық Азия елдерімен Достық парламенттік лигасының құрылуын қолдаймыз. Елдеріміз арасындағы транзиттік-көліктік, энергетикалық, су және басқа да салалардағы ынтымақтастықты ілгерілету ұзақмерзімді өзара тиімді серіктестікке ықпал етеді», — деді Мәулен Әшімбаев.

Сенат Төрағасы осыған дейін Қазақстан мен Жапония арасында түрлі салада, атап айтқанда, сумен жабдықтау және медициналық инфрақұрылымды жақсарту бағытында екіжақты ынтымақтастықтың бірлескен жобалары мен бағдарламалары табысты іске асырылғанын да айтты. Бұл ретте Жапонияның зерттеу орталықтарында қазақстандық ғалымдардың ғылыми тағылымдамалары ұйымдастырылғанын атап өткен жөн.

Өз кезегінде елші Қазақстан тарапына белсенді өзара іс-қимыл үшін алғысын білдіріп, елімізде жүргізіліп жатқан қоғамдық-саяси өзгерістерді жоғары бағалады. Сондай-ақ ол Қазақстан мен Жапония арасындағы ынтымақтастықты одан әрі нығайтуға мүдделі екенін білдірді.

МАСЫЛДЫҚ КӨҢІЛ КҮЙДЕН АРЫЛУ КЕРЕК

Премьер-Министр Олжас Бектенов алдағы Жұмысшы мамандықтар жылы ауыл шаруашылығы саласын дамытуға және ауылға қажетті мамандарды тартуға қуатты ынталандыру бола алатынын атап өтті.



«Мемлекет басшысы қоғамда еңбеккерлік пен кәсіби құндылықтарды дәріптеудің маңыздылығына тоқталып, масылдық көңіл күйден арылу керек екенін атап өтті. Біз нағыз еңбек адамдарын, карапайым жұмысшыларды, еңбек әулеттерінің өкілдерін, кәсіпорындардағы, бизнес пен мемлекеттік сектордағы тәжірибелі қызметкерлерді қолдауға тиіспіз», — деп атап өтті Олжас Бектенов.

Жұмысшы мамандықтарды қолдау жұмыстары ақпараттық кеңістікте де жүргізіліп, барлық масс-медиа мен әлеуметтік желілерде қозғалуы тиіс. Мәдениет және ақпарат министрлігіне, барлық мемлекеттік орган мен әкімдіктерге тапсырма берілді.

«ЭКОЛОГИЯ БАЛАЛАР КӨЗІМЕН!»



Астанада «Таза Қазақстан» республикалық акциясы аясында 5-7 сынып оқушылары арасында «Экология балалар көзімен!» атты суреттер байқауы өтті.

Тілегүл Есдәулет

«Бізбен бірге сурет сал» арт-атласына қаладағы бейнелеу өнері бойынша шығармашылық бірлестіктерде білім алатын 15 оқушы қатысты. Байқауда қойылған басты талап — қатысушылар өз шығармашылығы арқылы еліміздің экологиясының болашағы туралы идеялары мен көзқарастарын сурет арқылы жеткізе білу. Ұйымдастырушылардың айтуынша, үздік жұмыстар қала мектептері оқушы-

ларының еңбектері ұсынылатын қалалық кезенге қатысады. Қорытындысы бойынша, жеңімпаздар грамоталармен және сыйлықтармен марапатталады.

— Экологиялық жоба аясында оқушылар арасында шығармашылық байқау өткізілді, оның мақсаты қоршаған орта үшін жауапкершілік сезімін нығайту болып саналады. Біз мектеп оқушыларында экологиялық сананы тәрбиелеуге ерекше назар аударамыз. Оларды тазалықты сақтау және халқымыздың дәстүрлерін зерделу бойынша түрлі іс-шара-

ларға белсенді тартамыз, — дейді №32 мектеп-гимназиясы директорының тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары Бекайдар Шалахаев.

Табиғатты қорғау және қоршаған ортаның экологиялық тазалығы туралы оқушылар арасында жиі айтудың, оның маңыздылығын үйретудің артықшылығы көп. Мәселен, жасөспірім шақта бала сурет салуға әуес болады. Сондықтан «Бізбен бірге сурет сал» арт-атлас байқауы арқылы өскелең ұрпаққа республикалық «Таза Қазақстан» жобасының мақсаттарын түсіндіру тиімді әрі жеңіл.

— Елімізде экологияға көп көңіл бөлінгеніне қуаныштымын, бұл тұрақты даму үшін өте маңызды. Жоба экологияның маңыздылығын түсінуді шығармашылық арқылы жеткізуге мүмкіндік береді. Бұл мені қуантады. Мен өз жұмысыма «Таза Қазақстан» акциясына өз қолдауымды білдірдім, — деді оқушы әрі байқауға қатысушы Станислав Вовченко.

№32 мектеп-гимназиясы көркем еңбек пәнінің мұғалімі Оралбек Мақсатбекұлының айтуынша, жалпы сурет өнері — адамның ішкі жан дүниесін сөйлете алатын ерекше құбылыс.

— Оқушылардың «Таза Қазақстан» экологиялық акциясына өздерінің бойындағы саф, таза өнері арқылы үлес қосуы құптауға тұрарлық айтулы оқиға. Бүгін байқауға қатысушылар өз жұмыстары арқылы қоршаған ортаны аялау, оны болашақ ұрпақ үшін сақтаудың қажеттілігін түсіну — еліміздің әрбір азаматының міндеті екенін көрсете білді! «Бізбен бірге сурет сал» арт-атласы аясында балалардың туындыларында табиғатпен үйлесімділік, сұлулық, сезімталдық, болашақ ұрпақ үшін табиғатты қорғауды түсіну мен жауапкершілік сияқты сезімдер көрініс тапты деп толық айта аламын, — деді ұстаз.

МӘЖІЛІС



«АКВАӨСІРУ ТУРАЛЫ» ЗАҢ ЖОБАСЫ МАҚҰЛДАНДЫ

Мәжіліс Спикері Ерлан Қошановтың төрағалығымен жалпы отырыс өтті. Онда депутаттар «Акваөсіру туралы» заң жобасы мен оған ілеспе түзетулерді бірінші оқылымда мақұлдады. Сондай-ақ ақпарат, қоғамдық даму, мәдениет және архив ісі салаларындағы нормалардың артық (шамадан тыс) заңнамалық регламенттелуін болғызбау мәселелері туралы заңды екінші оқылымда қабылдап, бірқатар халықаралық құжатты ратификациялады.

Кәмилә ЕРКІН

«Акваөсіру туралы» заң жобасы жана өндіріс орындарын құру және жұмыс істеп тұрған өндірістерді кеңейту, бәсекеге қабілетті акваөсіру объектілері көлемін ұлғайту, олардың адам өмірі мен денсаулығы және қоршаған ортаға қауіпсіздігін қамтамасыз ету арқылы акваөсірудің тұрақты дамуын қамтамасыз етуге бағытталған.

Ауыл шаруашылығы министрінің міндетін атқарушы Аманғали Бердалиев баяндамасында құжатта су қоймаларын конкурстық негізде және конкурстық рәсімсіз беру тәртібі қарастырылғанын айтты.

— Су айдындарын аукциондық саудасаттық тәсілімен электрондық портал арқылы конкурстық негізде жүргізу қарастырылады. Бұл ретте тор қоршамада балық өсіру шаруашылықтарын құру жөніндегі инвестициялық жобалар үшін, егер инвестиция сомасы кемінде 150 мың АЕК болса, халықаралық және республикалық маңызы бар су айдындарын конкурс өткізбей беру ұсынылады, — деді А.Бердалиев.

Бұл ретте қосымша мемлекеттік қолдау шаралары енгізіледі: субсидиялау, жеңілдетілген кредит және ғылыми сүйемелдеу. Сондай-ақ балық өсіру үшін су беру жөніндегі қызметтер құнын субсидиялаудың жана түрі көзделіп отыр. Субсидиялау агроөнеркәсіптік кешенді субсидиялаудың мемлекеттік ақпараттық жүйесі арқылы жүргізілетін болады.

Бұдан бөлек, салаға бақылауды Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес бақылау субъектісіне барып және бармай тексеру және профилактикалық бақылау нысанында жүзеге асыру жоспарланған. Басқа стандарттар да қарастырылған.

Жұмыс тобының жетекшісі Сергей Пономаревтың айтуынша, заң жобасы халықтың балықты ішкі тұтынуын арттыруға, теңіздегі балық шаруашылығын және тауарлық балық шаруашылығын дамыту арқылы импортты алмастыруды, сондай-ақ экспорт әлеуетін арттыруға мүмкіндік береді. Мысалы, 2023 жылы қазақстандық өндірушілер Германияға, Нидерландыға, Қытайға және Ресейге 85,4 миллион долларға 25 мың тоннадан астам өңделген балық өнімдерін экспорттады.

Есепті тыңдаған соң депутаттар Үкімет мүшелеріне нақтылау сұрақтарын қойды. Талқылау нәтижесінде «Акваөсіру туралы» заң жобасы мен оған ілеспе түзетулер бірінші оқылымда мақұлданды. Оларды одан әрі талқылау жұмыс тобының отырыстарында жалғасады.

Сонымен қатар мәжілісмендер ақпарат, қоғамдық даму, мәдениет және архив ісі салаларындағы нормалардың артық (шамадан тыс) заңнамалық регламенттелуін болғызбау мәселелері туралы заңды екінші оқылымда қабылдады. Занда Мәдениет және ақпарат министрлігінің осы салалардағы негізгі мақсаттары, міндеттері мен құзыретінің қағидаттары айқындалады. Түзетулерде Президенттің «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты халыққа Жолдауын іске асыру аясында әзірленген «Келешек» бірыңғай ерікті жинақтау жүйесінің қызметін құқықтық реттеуді көздейтін нормалар қарастырылған.

Білім беру және баланың құқықтарын қорғау мәселелері бойынша түзетулер де екінші оқылымда мақұлданды. Заң кәсіби қабылдаушы отбасылар қызметінің құқықтық негіздерін, осы саладағы құқықтық қатынастар субъектілерінің құқықтары мен міндеттерін, сондай-ақ қорғаншылық немесе қамқоршылық саласындағы кәсіби қабылдаушы отбасылар мен өкілетті органдардың өзара іс-қимыл тетіктерін анықтайды. Депутаттардың бастамасымен осы заңға 2027 жылғы 1 қантардан бастап мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту сала-

сындағы қызметтерді көрсететін ұйымдарды лицензиялау тәртібін енгізілді.

Мәжіліс Еуропа Қайта Құру және Даму Банкінің құру туралы келісімге енгізілетін екі түзетуді ратификациялады. Оның алғашқысы құжаттың 1-бабына енгізілді. Ол банк операцияларын географиялық қамтуды Сахараның оңтүстігіне қарай Африка елдеріне және Иракка шектеулі және біртіндеп таратуды жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Қаржы министрі Мәди Тәкиев Қазақстан үшін Африканы Банктің қызмет ету аймағына қосу миллиардтаған халқы бар елдерде байланыс орнату және жобаларға инвестиция салуда жана мүмкіндіктер ашатынын атап өтті.

Екіншісі — Еуропа Қайта Құру және Даму Банкінің құру туралы келісімінің 12-бабының 1-тармағына әдеттегі операцияларға жарғылық капиталдық шектеуді жою туралы. Директорлар кеңесіне капиталдың жеткіліктілігі стандарттарының тиісті деңгейлерін белгілеу мүмкіндігі берілді. Ол Банк капиталын пайдаланудағы тиімділік пен икемділікті арттырады.

Бұдан соң Мәжіліс мемлекеттік (муниципалдық) сатып алуға жүзеге асыру кезінде банк кепілдіктерін өзара тану жөніндегі келісімді ратификациялады. Келісім 2023 жылы 29 тамызда Мәскеуде жасалған.

— Бүгінгі таңда Еуразиялық Одақ туралы шартқа сәйкес, мемлекеттік сатып алу нарығы өзара қатысушылар үшін ашық. Алайда Одаққа мүше мемлекеттердің арасында банктік кепілдікті өзара тану қамтамасыз етілмеген. Мәселені шешу үшін тараптар тиісті келісімді әзірлеп, қол қойды. Құжат бір мүше мемлекеттің резидент банкітер берген банктік кепілдіктерін басқа мүше мемлекеттің мемлекеттік сатып алуға қатысуы үшін пайдалануға мүмкіндік береді, — деді М.Тәкиев.

Мәжіліс комитеттері ратификациялық үш жаңа заң жобасын жұмысқа қабылдады. Олар: Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жөніндегі Еуразиялық топ туралы келісімге және Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жөніндегі Еуразиялық топтың бюджетін қалыптастыру және атқару тәртібі туралы хаттама, Қазақстан мен Халықаралық Қайта Құру және Даму Банкі арасындағы қарыз туралы келісім және орыс тілі жөніндегі халықаралық ұйымды құру туралы шарт. Соңғы құжат жалпы отырыс барысында ратификацияланып, Сенатқа жолданды.

Жалпы отырыс соңында «AMANAT» фракциясының депутаты Ермұрат Бапи Ұлттық қауіпсіздік комитетінің төрағасы Ермек Сағымбаев пен Ақпарат және мәдениет министрі Аида Балаеваға жолданған сауалында қазіргі әлеуметтік желілердегі қоғамдық пікірге ықпал ету саясатын сөз етті.

Ал Үкімет басшысы Олжас Бектеновке сауал жолдаған депутат Аманжол Әлтай еліміздегі қаланың не ауылдың санатында жоқ кенттер мемлекеттік қолдауға әзур екенін жеткізді. Кешегісінен бүгінгі, бүгіннен ертеңі қиындап бара жатқан кент тұрғындарының жанайқайына көңіл бөледі сұралды.

— Қалалық мәртебеге де, ауылдық мәртебеге де толық сәйкес келмегендіктен, бұл аймақтар екі бағыттағы да мемлекеттік қолдау шараларынан шет қалуда. Нәтижесінде, жолдар, су және энергиямен қамту, әлеуметтік нысандардың жеткіліктілігі шешімін таппаған басқа да мәселелер — өз кезегінде тұрғындардың тұрмыс сапасын төмендетуде, — деді депутат.

Мәжіліспен өз өзінде мәселені шешу үшін нақты шараларды атап өтті.

БАҒДАР

21 ҚАРАША 2024 | БЕЙСЕНБІ



ӘЙЕЛДЕР ӘЛЕУЕТІН АРТТЫРУ МАҢЫЗДЫ

Еліміздің барлық өңірінен келген 150-ден астам әйел-көшбасшылары былтырғы жұмыстардың қорытындысын, сондай-ақ «AMANAT» партиясының Әйелдер қанаты алдында тұрған өзекті мақсаттар мен міндеттерін талқылады. Іс-шараға белгілі саяси және қоғам қайраткерлері, Мәжіліс депутаттары, «AMANAT» партиясының өңірлік әйелдер қанатының кеңесшілері, бизнес қауымдастығы өкілдері, сондай-ақ Әзербайжан, Қырғызстан, Түркіменстан, Түркия және Өзбекстаннан келген шетелдік қонақтар қатысты.

Салтанатты жиынды ашқан «AMANAT» партиясының Атқарушы хатшысы Дәулет Кәрібек Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың әйелдердің құқықтарын қорғау, отбасы құндылықтарын нығайту және гендерлік теңдікті насихаттау мәселелеріне ерекше назар аударатынын атап өтті.

«Сонғы жылдары Президент бастамаларының арқасында елімізде гендерлік теңдікті қамтамасыз ету бағытында маңызды өзгерістер енгізіген саяси реформалар жүзеге асырылды. Өз кезегінде партия әйелдердің құқығын барынша қолдап келеді. Мәселен, партияның Әйелдер қанатының тікелей қатысуымен әйелдер мен балаларға қатысты зорлық-зомбылықтың алдын алу туралы заң әзірленді, партиялық тізімдерде гендерлік квоталар енгізілді. Төмігіс жобасы аясында әйелдердің саяси көшбасшылығын дамытуға арналған оқыту курстары ұйымдастырылуда. Өңірлерде «Жанұя» отбасын қолдау орталықтары ашылды. «Балаңа уақыт арна!», «Қарыссыз қоғам», «Ауыл аманаты» секілді көптеген партиялық бастамалар мен жобалар әйелдердің мүддесін қорғауға бағытталған. Біз «AMANAT» партиясының мүшелерінің көпшілігі, яғни 60%-дан астамы — әйелдер қауымы екенін мақтанышымыз айтамыз», — деді ол.

Сондай-ақ партияның Атқарушы хатшысы бақытты ана мен балалар өмірін жақсарту бойынша жүйелі реформаларға назар аударды. Бұл реформалар Мемлекет басшысының Жолдауларында және оның сайлауалды бағдарламасында, «AMANAT» партиясының сайлауалды бағдарламасында қарастырылған. Мысалы, көпбалалы аналарға арналған жәрдемақы мөлшері ұлғайтылды, барлық бастауыш сынып оқушылары тегін тамақпен қамтамасыз етілді. Осы жылдың басында «Ұлттық қор — балаларға» бағдарламасы іске қосылды, оның аясында әр бала инвестициялық табыстан ақша алу мүмкіндігіне ие.

Айта кету керек, «AMANAT» партиясы Әйелдер қанатының кездесуі «Табысты жыл қорытындысы — ұлттық идеялардан жаһандық ынтымаққа» атауымен өтті. Әйелдер қанатының төрағасы, партияның Хатшысы Шолпан Қаринова атап өткендей, «AMANAT» партиясы Қазақстанның түкпір-түкпірінен жиналған мыңдаған қатысушыларды біріктіріп, Әйелдер қанаты әйелдердің мүддесін қорғап, отбасы құндылықтарын насихаттауда.

«Әйел аманаты» және Төмігіс әйелдер көшбасшылығын дамыту жобалары арқылы біз партиямыздың бастауыш ұйымдарында әйелдерді біріктіріп, олардың әлеуетін арттыруға, кәсіби дамуына

және қоғамдық-саяси өмірге қатысуына қолдау көрсетеміз. Гендерлік теңдік стратегиясын белсенді жүзеге асыра отырып, әйелдердің еліміздің өміріне толыққанды қатысуы үшін жағдай жасаймыз. Мәселен, Төмігіс жобасы аясында 100-ден астам әйел көшбасшылықты дамыту оқыту курсынан өтті. Бұл мақсаттардағы әйел депутаттарының үлесін 30%-ға дейін арттыруға әсер етті», — деді ол.

Сондай-ақ Шолпан Қаринова Әйелдер қанатының бастамасымен еліміздің барлық өңірінде өткізілетін балаларға арналған «Тең мүмкіндіктер» инклюзивті спорт фестивалінің маңыздылығына тоқталды. Бұл фестиваль ерекше қажеттіліктері бар балаларды қоғамға интеграциялауға және олардың әлеуметтік белсенділігін арттыруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар мұндай іс-шаралар мүгедектігі бар адамдарға толерантты көзқарас қалыптастыруға ықпал етеді.

Іс-шара барысында өңірлерден келген белсенді әйел көшбасшылары да сөз сөйледі. Атап айтқанда, Астана қалалық филиалы Әйелдер қанатының төрағасы Салтанат Джаналаева ата-аналарға дағдарыс жағдайлары мен саналы тәрбиелеу мәселелерін талқылауға арналған семинарлар мен тренингтердің сериясын ұйымдастырғанын айтты. Оған шамамен 300 адам қатысқан. Ал Жамбыл облыстық филиалы Әйелдер қанатының жетекшісі Айман Ашимова партиялық жобаларды жүзеге асыру туралы баяндады. Мәселен, «Қарыссыз қоғам» қаржылық сауаттылықты арттыру курстарына қатысқандардың көпшілігі әйелдер. Сондай-ақ «Ауыл аманаты» жобасы аясында жеңілдетілген неселерге өтініш бергендердің де көпшілігі әйелдер, бұл оларға фермерлік шаруашылықпен айналысуға және табыстарын арттыруға мүмкіндік береді.

АУЫЛ ӘКІМДЕРІНІҢ АЛҒАШҚЫ ФОРУМЫ ӨТТІ

Алматы облысында ауыл әкімдерінің алғашқы форумы өтті. Іс-шара «AMANAT» партиясының бастамасымен ұйымдастырылды. Форумға Алматы облысының әкімі Марат Сұлтанғазиев, «AMANAT» партиясының хатшысы Ержан Жылқыбаев, құқық қорғау органдарының, департаменттер мен басқармалардың басшылары, аудан әкімдері, мәслихаттардың төрағалары, ауылдық округ әкімдері, партияның депутаттық фракция жетекшілері мен мүшелері қатысты. Шараның мақсаты — ауыл әкімдерінің институтын нығайтып, беделін арттыру.

Облыс әкімі Марат Сұлтанғазиев форумның ашылуында әкімдердің жұмысы ауыл тұрғындарының өмір сапасына қалай әсер ететініне ерекше тоқталды. «Бүгінде өңір халқы 1,5 млн адамды құраса, оның 81%-ы ауылдарда тұрады. Олардың өмір сапасы, әлеуметтік жағдайы, инфрақұрылымы — сіздердің жұмыстарыңыздың тікелей нәтижесі. Ауыл әкімдері тек мемлекеттік бағдарламаларды орындаушы ғана емес, халықтың сеніміне ие көшбасшы болуға тиіс. Біздің міндетіміз — әкімдерге қажетті ресурстар мен мүмкіндіктерді беру. Сондай-ақ әкімдер өздеріне сеніп тапсырылған елді мекендердің экономикалық дамуын қамтамасыз етіп, жана инвестициялық жобаларды жүзеге асыру және кәсіпкерлікті дамыту үшін қолайлы орта қалыптастыруға тиіс», — деп атап өтті.

Форумда «AMANAT» партиясының хатшысы Ержан Жылқыбаев партияның ауылды дамытудағы басты міндеттері туралы сөз сөйледі. Сондай-ақ ол Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың ауыл шаруашылығы еңбеккерлерінің форумында ауылды дамытуға ерекше көңіл бөлінгенін атап өтті.

«Мемлекет басшысы агроөнеркәсіп кешінің ауыл тұрғындарының әл-ауқатына тікелей әсер ететінін ерекше айтып, инфрақұрылымды жаңғырту, агротехнологияларды енгізу, жана өндіріс орындарын ашу сияқты маңызды міндеттерді алға қойды. «AMANAT» партиясы атынан сайланған ауыл әкімдері бұл бағытта халықтың сенімін ақтайды деп сенеміз.

Форумда айтылған ұсыныстар әкімдердің жұмысына жаңа серпін беретіні анық. Өз кезегінде «AMANAT» партиясы Үкіметпен бірге «Ауыл аманаты», «Жер аманаты», «Қарыссыз қоғам» сияқты жобаларды іске асырып, ауыл тұрғындарының әл-ауқатын арттыруға бағытталған жұмыстарды атқарып келеді. Мысалы, Алматы облысында «Ауыл аманаты» жобасы аясында 8,3 миллиард теңгеге 1 091 шағын несие берілді. Бұл мыңдаған ауыл тұрғындары үшін жана мүмкіндіктер ашты. Әкімдер осы жобаларды тиімді жүзеге асырып, партия құндылықтарын халыққа жеткізетін тұлғалар болуға тиіс», — деді партия хатшысы.

Әкімдер де өздерінің ауылдарындағы мәселелер мен жетістіктерді ашық айтып, тың шешімдер ұсынды. Мәселен, Аксөңгір ауылдық округінің әкімі Ержан Қасымшолов су және газ мәселелерін шешу жолында жеткен жетістіктерімен бөлісті. Ол округте сонғы жылдары үш жана мектеп салынғанын, сондай-ақ Жайсаң мен Аксөңгір тұрғындары таза ауызсумен толық қамтылғанын айтты.

Сонымен қатар округте іске асқан ерекше әлеуметтік жоба форумның басты назарында болды. Ауыл әкімі Ержан Қасымшолов ауыл тұрғындарына көмектесу бағытындағы бұл бастаманы мақтанышымен жеткізді.

«Қунағ+» қоғамдық бірлестігі аз қамтылған үш отбасыға 30 бастан 90 бас қой мен 2 бастан 6 бас асылтұқымды ірі қараны тегін берді. Жоба бойынша

жемшөп те тегін беріп, тіпті қора-жай да салынған. Бір жылдан кейін олардың төлдерін келесі мұқтаж отбасыларға беру тоқталды. Ең көп төл алған отбасы 10 миллион теңге сыйақы алады. Бұл жобаға еліміздің Премьер-Министрінің орынбасары Тамара Дүйсенова бастау беру үшін ауылымызға арнайы келген», — деді ол.

Ал форумда 18 жыл үш ауылдық округте әкім болған ардагері Асыл Байтулақов қазіргі заманғы әкімдерге артылатын жауапкершілік пен әлеуметтік желілердің олардың жұмысына әсері туралы пікірін бөлісті.

«Халықтың тірлігін, жұмысымызды жеңілдетуге мүмкіндік беріп отырған аппараттық технологиялардың дамуы, қалыптасқан ашық аппараттық қоғам түрлі қиындықтар туындатуда. Әлеуметтік желі дамығаннан бері әкімдердің жұмысын оңды-солды негізсіз сынау, ар-намысына тию жағдайлары көп. Кейбір жас азаматтар осындай қоғамдық қысымға шыдамай жұмыстан кетіп жатқандарын да естіп жүрміз. Мұндайға тосқауыл болу керек сияқты», — деді ол.

Форумның екінші бөлімінде «Қарыссыз қоғам», «Жер аманаты», «Ауыл аманаты» жобаларын іске асыру барысы туралы семинарлар өткізілді. Панельдік сессиялар барысында ауыл әкімдері мен сала мамандары тәжірибе алмасып, өзекті мәселелерді талқылады.

Іс-шара соңында облыстың әлеуметтік-экономикалық дамуына үлес қосқан бірқатар белсенді ауылдық округ әкімдеріне Алматы облысының әкімі және «AMANAT» партиясының алғыс хаттары табысталды.

Айта кету керек, облыста 373 елді мекеннен тұратын 131 ауылдық округ бар. Аталған ауылдық округ әкімдерінің 122-сін халық сайлаған. Оның 74%-ы — «AMANAT» партиясының мүшелері.

Ә.САМАТҰЛЫ

ҚАМҚОРШЫЛЫҚ ОРГАНДАРЫНЫҢ ШТАТЫ ҰЛҒАЯДЫ



Ахсат АЙМАҒАМБЕТОВ,
Мәжіліс депутаты:

— Әлеуметтік-мәдени даму комитеті әйелдерге қатысты маңызды мәселелерді қамтиды. Парламентте істегенімде біраз ауқымды мәселені бірге қарастырғанымыздан жақсы білемін. Өңірдегі шағын идеялардың еліміз бойынша қалай шешілгенін көріп, тәнті болдым. Ұсақ-түйек проблема демей, жалпы зерттеп, республикалық деңгейге жеткізіп, көп мәселе шешіліп отыр. Бүгінгі өзінде Юлия Кичинская мен Әйелдер қанаты үлкен мәселе қозғап, Үкімет тарапынан өзгеріс енгізіп, заң жобасына қабылданды. Бұл — қорғаныштық және қамқоршылық органдарының штатын ұлғайту, бекіту. Біреуге түкке тұрғысыз мәселе боп көрінуі мүмкін. Бірақ бұл мәселе бірнеше жыл бойы талқыланды. Жалпы, қорғаныштық және қамқоршылық ұйымы не істейді? Ең әуелі балалар мен олардың балалық шағын қорғауға міндетті. Бүгінде бізде патронаттықтағы, асыранды және жетім балалар өте көп.

Ерлі-зайыптылар ажырасып, әкесі не шешесінің қолында өсіп жатқан балалар қаншама?! Ал жалғызбасты аналар мен әкелердің балалары ше? Олардың тұратын мекенжайын, ортасымен тіл табысуын реттеу, осының бәрімен — қорғаныштық және қамқоршылық органдары айналысады. Мысалы, 500 мың тұрғыны бар Шымкенттің өзінде бұл ұйымның бар-жоғы 5 ғана қызметкері болған. Олар оны қалай қамтиды, қаншалықты сапалы істейді деген мәселені көтерген осылар еді.

ҚАЗІР ӘЙЕЛДЕР ҚАЙ САЛАДА ДА САУАТТЫ



Үнзила ШАПАҚ,
Мәжіліс депутаты:

— Жаңа Әділетті Қазақстанда әйелдердің қоғамда алатын рөлін, саяси және экономикалық мәртебесін арттыру — уақыт талабы. Бір жылдың ішінде біз де біршама жұмыс істептік. Ең біріншіден, барлық нормативтік-құқықтық актілерге гендерлік сараптама жасау туралы бастаманы көтердік. Кейін нормативтік-құқықтық актілерге гендерлік сараптама жасау туралы методологиялық негіздер әзірленді, оны бірге жаздық. Тек гендерлік сараптамаға байланысты халықаралық ТОО-мен бірге екі үлкен семинар өткіздік. Қазір барлық мемлекеттік органдарға заң қызметінде жұмыс істейтін азаматтарды гендерлік сараптама жасау бойынша қосымша оқытып жатырмыз. Мұның өзі жасалған үлкен жұмыс деп ойлаймын. Сонымен қатар қабылданған нормативтік-құқықтық актілерге гендерлік мониторинг жасау мәселесі көтеріліп жатыр.

Бұл бір бағыт десек, екіншіден, «Томирис» бағдарламасына тоқталып өтуіме болады. Үш жыл қатарынан мен «Томирис» байқауының комиссия мүшесі болып жұмыс істеймін. Биыл «Томирис» байқауына қатысушылар бірінен-бірі өткен ісімер Әйелдер болды. Мысалы, байқауға қатысып отырған әйелдерге көңілді толды. Жүйріктен жүйрікті тандап, семинар өткізгенде Әйелдердің қоғамдағы рөліне қатысты жұмыста олардың белсенділігін байқадық. Жалпы, қазір Әйелдер қай салада болмасын өте белсенді, білімді, сауатты. Сондықтан мұндай белсенді Әйелдердің саяси көзқарасын қалыптасуына, олардың жұмыс істеуіне «AMANAT» партиясының Әйелдер қанаты үлкен көмек көрсетіп жатыр деп айта аламын.

БІРІКСЕК, ҮЛКЕН КҮШПІЗ



Сакина БАБАЕВА,
Әзербайжан Республикасы түркі мемлекеттерінің кәсіпкер әйелдер кеңесі делегациясының басшысы:

— Бүгін «AMANAT» партиясының Әйелдер қанатының құрылғанына бір жыл толды. «Аманат» сөзі — түркітілдес елдерді біріктіріп отырған әлем. Түркі елдерінің Әйелдері бас қосып отырмыз. Осы мүмкіндікті сыйлаған Қазақстан Үкіметіне алғыс айтып келеді. Форумға Әзербайжандағы кәсіпкер Әйелдер мен түркі палатасының Әйелдер кәсіпкерлерінің атынан келіп отырмын. Бүгінгі күн — тарихта қалатын күн. 6 жыл бұрын біздің елде кәсіпкер Әйелдердің платформасы болмаған еді. Қазір түркітілдес елдердің палатасы жанынан сауда-өндірістік палата жасалған.

2017 жылы біз Әйелдер кәсіпкерлерінің платформасын құру жайлы бастама көтерген болатынбыз. Бүгінде 7 елдің жастары мен Әйелдерін біріктіріп, Мемлекет пен халық, кәсіпкерлер арасында көпір салып отырмыз. Экономикалық бағытты да дамытып жатырмыз. Біз экология, институционалды институтты біріктіре отырып, бірге қозғалуымыз керек. Біз, түркітілдес елдердің Әйелдері бірлесіп жұмыс істеуіміз керек. Күн сайын елдің дамуына үлес қосуымыз қажет. Әлемге бір бағытта жүрсек, барлық сала қарқынды дамымақ. Алдағы үш күн ішінде Әйелдер кәсіпкерлігіне қатысты маңызды мәселер бірлесіп шешіледі деп ойлаймын.

МҮГЕДЕКТІГІ БАР АДАМДАР ҮШІН ЖЕҢІЛДІК ТАРИФІ ЕНГІЗІЛДІ



Екатерина СМЫШЛЯЕВА,
Мәжіліс депутаты:

— «AMANAT» партиясының орталық аппаратында 11-12 кеңес жұмыс істейді. Соның екеуін Әйел депутаттар басқарады. Бүгінде осы кеңес отырыстары — эксперттердің пікіріне сүйене отырып, өмірлік мәселелерді шешуге атсалысатын үлкен алаңға айналды. Өздерінің білетіндей, «AMANAT» партиясының Әйелдер қанатының құрылғанына бір жыл толды. Біреуге аз, біреуге көп көрінер. Десе де, мұндай бағытта жұмыс істейтін ұйымды уақытпен емес, істелген іспен өлшеу керек. Сондықтан біз, Әйелдер қанаты аз уақыттың ішінде он жылдың жұмысын істедік дегенді сеніммен айта аламын. Алдағы уақытта ұйымымыздың белсенділігі арта түседі деп сенемін. Біздің көтеріп жүрген мәселеміз алуан түрлі. Соның ішінде цифрландыру саласына назар салыңыздар. Қазақстанның цифрлық даму саласындағы тәжірибесі Орталық Азия мен посткеңестік кеңістікте қаншалықты екені белгілі. Міне, цифрландыру саласындағы жарыста бізді мазалап отырған мәселелер бар.

Біріншісі — цифрлық теңсіздік құбылысы. Өйткені бұл құбылыс біздің даму қарқынымыздың ізімен ілесіп, тең келе жатыр. Ал бұл дегеніміз — цифрлық технология байланысты интернетке, құзыреттілікке және ақпарат алуға тең мүмкіндік берілмейді. Соның салдарынан шектеу қойылатыны сөзсіз. Оның бір ұшы қыс-келіншектерге тиеді. Сондықтан Әйелдер үшін цифрлық теңсіздік өте маңызды. Соған қарай биыл цифрлық теңсіздікті төмендету бойынша заңдық тұрғыда бірқатар шаралар қабылданды. Мысалы, байланыс туралы заң қарастырылып, 2024 жылдың мамырында қол қойылып, қабылданды. Заң аясында біз ауылдық елді мекендерде байланыс инфрақұрылымын дамыту шараларын ұсындық. Сондай-ақ мүгедектігі бар адамдар үшін жеңілдік тарифі алғаш рет енгізілді.

АРМАНЫМ — КӘСІПКЕР ӘЙЕЛДЕРДІҢ ЦИФРЛЫҚ ПЛАТФОРМАСЫН ҚҰРУ



Айжан ЧИНЫБАЕВА,
Қырғызстан Республикасы түркі мемлекеттерінің кәсіпкер әйелдер кеңесі делегациясының басшысы:

— Біз бүгін әртүрлі елдерден жиналып отырмыз. Себебі Әйелдер әлем бойынша түрлі салада еңбек етеді. Бұл жеңіл өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы саласындағы кәсіпкерлік, ал қазір біз белсенді түрде цифрлық бағытта да жұмыс істеп жатырмыз. Түркі сауда-өнеркәсіп палатасының бас хатшысы Ләззат Рамазанова біздің басымдызды қосып отыр. Бұл форум біздің елдерді интеграциялайтын тағы бір платформа деп білемін. Біздің елдеріміздегі халықтың 50 пайызы — Әйелдер.

Әйелдер бизнеске белсенді араласуы керек. Олар терең әрі тиімді түрде интеграцияланады. Қазір Орталық Азия елдеріндегі өзіміздің құрбыларымыз, бір бағыттағы әпкелеріміз бар. Біз бірлескен жобаларды талқылаймыз. Үш жыл ішінде бізде өзара келісімдер де орнатылды. Біздің елдерімізде бірегей тарих болса да, түркі әлемінде біргеміз. Сондықтан осы салада Әлем елдерін біріктіргіміз келеді.

Шындап келгенде, біз бір-бірімізді толыққанды білмейміз. Әрине, Өзбекстан, Қырғызстан, Әзербайжан деп жалғызлама хабардармыз. Бірақ ішкі тыныс-тіршілігі жайында бейхабармыз. Өуелдегі менің арманым — Орталық Азиядағы кәсіпкер Әйелдердің цифрлық платформасын құру. Себебі осы арқылы бір-бірімізден үйренеріміз, біліріміз көп. Бәріміз бірлесіп жұмыс істесек, жетістігіміз де біршама-теңіз болар еді. Орталық Азияны өзге елдің азаматтары қызыға қарайтын, шабыттандыратын мекенге айналдыруымыз керек.

Дайындалған
Тілегүл ЕСДӨУЛЕТ

МӘСЕЛЕ

ПЕРСПЕКТИВАЛЫ ӨНДІРИСТЕН
ТЫС ҚАЛМАСАҚ ИГІ

(Басы 1-бетте)

А Айхан ШӘРІП

2022 жылғы қарашада Атырау облысында Kazakhstan Petrochemical Industries Inc (KPI) ЖШС пайдалануға берілді. Республикадағы тұнғыш интеграцияланған газды-химиялық кешен жоспар бойынша бірге-бірге полипропиленнің әртүрлі 64 маркасына дейін өндіретін болады. Сөйтіп, елде мұнай-газ химиясы кластерін құрудың бірінші кезеңі бастау алды.

Қол жеткізілген уағдаластықтар арқасында компания әлемдік супергигант кен орын Тенізде басыбайлы игеріп жатқан «Тенішевройлдан» шарттық арзандау баға бойынша шикізаттың — пропанның белгілі бір көлемін тікелей сатып алады. Міне, осы кәсіпорын іске қосылғалы МГХ өнімдерінің бірі полипропиленді шығару бойынша Қазақстанның өндірістік қуаты ұлғайды. Еуразиялық өңірде полипропилен шығарудың жалпы көлеміндегі ел еншісі 18%-ға жетті.

Демек, Қазақстанда мұнай-газ химиясы өнеркәсібінің өсуі байқалады. Алайда бұл да жеткіліксіз. Оны дамыту үшін Энергетика министрлігі ел тарихында алғаш рет «Мұнай-газ химиясы өнеркәсібі туралы» жеке салалық заң жобасын және оған ілесіп «Кейбір заңнамалық актілерге мұнай-газ химиясы өнеркәсібін дамыту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасын дайындады.

«Заңды әзірлеудегі мақсат — саланы шикізатпен қамтуға қатысты қордаланған проблемаларды шешу, сондай-ақ инвестициялар тартуды ынталандыру және мұнай-газ химиясы (МГХ) саласына мемлекеттік қолдау көрсету. Заңның қабылдануы мұнай-газ химиясы өнеркәсібін өркендету, тұрақты экономикалық өсуді қамтамасыз ету жолындағы маңызды қадам болмақ», — деп түсіндірді Энергетика министрлігі.

Бұл заң қабылданғанымен, басты мәселе шешімін таппаса мемлекет көздеген мақсатына жете алмауы мүмкін. Себебі қолданыстағы мұнай-газ химиясы кәсіпорындары да шикізаттың қажетті көлеміне жарымай тұр. Қазақстанда көмірсутек өндіру бойынша 317 келісімшарт бар. Онда неге МГХ-ға қажетті шикізаттың тапшылығы туындады?

— Қолданыстағы жер қойнауын пайдалану келісімдерінің көпшілігінде жер қойнауын пайдалану шарттарының тұрақтылығы туралы ереже қарастырылған. Теніз, Қашаған, Қарашығанақ секілді ең ірі кен орындары, бірқатар басқасы бойынша келісімдер заңнаманың тұрақтылығын кепілдендіреді. Тіпті, кейін заңнамаға өзгерістер енгізілгенімен, егер олар жер қойнауын пайдаланушының жағдайын нашарлатса, онда қолданыстағы келісімдерге жаңа ережелер қолданылмайды. Бұл проблеманың көрнекті бір көрінісі — «Өнім бөлісу келісімдерімен» (ӨБК) реттелетін жер қойнауын пайдалану жобалары, — депді Энергетика министрлігінің сарапшылары.

Елімізде кейінгі төрт жыл бойы газдың 75%-дан астамын Теніз, Қашаған, Қара-



Елшір ҚАБА (Астана)

шығанақ кен орны өндірілді. Алайда ведомствоның түсіндіруінше, бұлардағы шикізатқа қол жеткізу ӨБК-де бекітілген талаптар кесірінен қатты шектелген.

ХАЛЫҚ ГАЗДЫ АЗ ТҮТІНУҒА
КӨШІРЛЕ МЕ?

Сонымен Қазақстан мұнай-газ химиясын дамытуға қажетті шикізатты өзі мол өндіреді, әйткенмен, оның басым бөлігінің шетелге экспортталуы кесірінен өзіне шикізат жетіспейді.

Елде тағы бір парадоксты жағдай қалыптасты: Қазақстан газды терең өңдеп, одан бағасы қымбат жүздеген түрлі дайын өнім алып, орасан зор табысқа кенееле алады. Ол соның орнына газды көршісіне арзанға тасып жатыр. Bloomberg хабарлауынша, Қазақстан Қытайға екінші газ құбырын салуды жоспарлады. Шың күрте жеткізілетін көгілдір отын көлемін күрт арттыру үшін екі ел арасында келіссөздері басталған көрінеді.

— ҚХР-да экономикалық өсімінің баяулағаны туралы хабарларға қарамастан, онда газға деген сұраныс еселеп өсіп барады. Сондықтан біз Қытайға шикі газ экспорттау көлемдерін арттыру бойынша ымыра-консенсуска қол жеткіземіз деген үміттеміз, — депді ҚазақГаз басқарма төрағасы Санжар Жаркешов.

Оның дерегінше, шын еліне екінші газ құбыры 2-3 жыл ішінде салынып бітуі мүмкін. Бұл құбыр құрылысын бастау туралы шешім жыл соңына дейін қабылданады. Жоба құны 3-6 миллиард долларға бағаланды. Мұнда қаржы тақұл-тұқыл қалған бюджетте жоқ. Сондықтан Қытай алдындағы міндеттемелерімізді толық орындауға күш-жігерімізді шоғырландырамыз», — деген ҚазақГаз ұлттық компаниясының басшысы бүгінде Қазақстан ҚХР-ға жыл сайын шамамен 4 миллиард текше метр газ экспорттайтынын айтты.

Қазақстанның әзі шамамен 21 миллиард текше метр газ тұтынады және мұқтаждығы жыл сайын өсіп келеді. Ішкі сұранысты күштеп төмендету үшін Үкімет

мысалы, газ бағасын көтерді, халық пен бизнестің көліктерін автогазға көшіруіне түрлі тосқауыл қойды. Үкімет жүргізушілерге автогазбен жүретін көліктерін не бензинге қайта жабдықтауды немесе автобустар сияқты компримирленген газға көшуді ұсынды.

Энергетика вице-министрі Әлібек Жамауов сұйытылған мұнай газына деген сұранысты азайту үшін газ бен бензин бағасын теңестіруге күш салатынын мәлімдеді.



Газ фракцияларын толыққанды бөлу жолға қойылса, бұл елімізде кең ауқымды әрі әртараптандырылған мұнай-газ химиясын құруға кең өріс ашар еді. Себебі МГХ саласы одан әрі дамуы үшін ол газға (шикізатқа), газ фракцияларына қол жеткізуі қажет.

— Бұлардың бағасын теңестіруге тырысамыз. Өйткені бізде бензин мен дизель ғана дәстүрлі отын болып есептеледі. Сұйытылған мұнай газы (автогаз) мотор отыны ретінде емес, мұнай-газ химиясының шикізаты ретінде пайдаланылуға тиіс. Адамдар енді сұйытылған мұнай газынан бас тартып, тауарлы газға ауысып жатыр. Газдан толық бас тарту үшін оның бағасын қазірден қымбаттатып жатырмыз, — депді вице-министр.

ҚХР-ДЫ ЕМЕС,
МГХ-НЫ ЖАРЫЛҚАСАҚ?

Өкінішке қарай, шенеуніктер «Көгілдір отынды көп шығындайды» деп қазақстандықтарды айыптауға бейім тұр. Энергетика министрлігі реттеушілік саясаттың консультативтік құжатында: «Қазір елдегі мұнай мен газды қайта өңдеу тізбегі негізінен халықтың мұнай өнімдері мен газға деген әлеуметтік қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған» деп екіпін түсірді.

Қытайға шикі газ жеткізуді азайту орнына жана құбыр төсеп, экспорт ауқымын арттыруға кіріскен, сондай-ақ ірі кен

орындарын ен жайлаған шетелдік инвесторларға тісі батпаған Үкіметке мұнай-газ химиясын ілгерілету үшін халық тұтына-тын газды азайту ғана қалып тұрғандай.

«Газ және газбен жабдықтау туралы» заңына сәйкес, «ҚазақГаз» ҰК» АҚ жер қойнауын пайдаланушылар шығаратын шикі газды, сондай-ақ олардың өңдеу процесінде өндірілген тауарлық газын сатып алуға артықшылық құқыққа ие. Оны арзанға сатып алады: жер қойнауын пайдаланушылардан алынатын газдың бағасына тек шикізатты өндіруге, тасымалдауға, қайта өңдеуге кеткен шығыстары, сондай-ақ 10%-дан аспайтын рентабельділік үстемеақысы ғана қосылады. Енді қараңыз: ҚазақГаз газды Қытайға да сатып отыр.

— ҚазақГаз ұлттық компаниясы сатып алатын тауарлық газ бен шикі газды пайдаланудың артықшылық құқығына тұрмыстық және коммуналдық-тұрмыстық тұтынушылар ие. Халықты газбен жабдықтау үшін мемлекет ішкі нарықта тауарлық газды өткізудің шекті бағаларын, сондай-ақ жеткізу жоспары аясында сұйытылған мұнай газын көтерме және бөлікке саудаға өткізудің шекті бағаларын бекітті. Салдарынан, мұнай-газ өндірушілер өткізетін газ әлеуметтік қажеттіліктерді қанағаттандыруға шығындалады. Соның кесірінен мемлекетке қосымша қосымша пайда өкеле алатын, күрделі және қымбат өнімдер шығаратын МГХ өнеркәсібін дамыту шектелді, — деп нықтады министрлік.

«Шикі газды Қытайға арзанға сатқанда, оны өзімізде өңдеп, дайын өнім экспорттыңан ұшан-теңіз табыс табайық» деп нықтамады. Шынында, шенділердің халықты айыптай беруді жөнесті. Энергетика министрлігінің 2024 жылғы шілдедегі төл дерегінше, республикада өндірілген 29,8 миллиард текше метр тауарлық газдың тек

жартысынан көбін, 65%-ын халық тұтына-ған. Соған қарамастан, ведомство көгілдір отынды көршіге емес, өз халқымызға арзанға сатып отырғандарына өкініш білдірді.

«Қазақстанда халыққа арналған газ құны әлемдегі ең төмен бағалардың бірі. Газды сатудың орташа құны 1 мың текше метрі үшін 23 646 теңгені құрайды. Ал газдың орташа өзіндік құны — 1 мың текше метрі үшін 33 169 теңге. Халықты газбен қамту үшін ҚазақГаз ұлттық оператор ретінде халыққа газды төмен бағамен сатады. Ұлттық компания өз қызметінің табыстылық-рентабельділігін газ экспорты есебінен сақтайды», — делінген оның консультативтік құжатында.

САЛАҒА СЕРПІН БЕРМЕК

Энергетика министрлігіндегілердің тағы бір өкініші бар. Этан, пропан, бутан сияқты бағалы газ фракцияларын шикі газдан бөліп алуды ынталандыру ісі реттелмеген екен. Ведомство қазір халық тұтынатын тауарлық газдың құрамында МГХ үшін шикізат бола алатын бағалы газ фракциялары барын қаперге салды.

«Алайда заңнамада тауарлық газдан бағалы фракцияларды міндетті түрде бөліп алу туралы талаптың болмауы салдарынан іс жүзінде бағалы газ фракцияларын тұтынушылар тауарлық газбен бірге жағып жібереді. Басқа бір ірі проблема сол, қолданыстағы газ өңдеу кәсіпорындарының өзі газдан оның фракцияларын бөліп алуға бағдарланбаған! Олар тек газды қоспалар мен күкірттен қарапайым ғана газартуды жүзеге асырады. Қазақстанда қазір фракцияларды «С1»-ге (метанға) және «С2+» фракцияларына (этан, пропан және басқаларына) тиімді бөлуге арналған ешқандай инфрақұрылым жоқ! Бұл елде газды терең өңдеу мүмкіндігін шектейді», — деп түсіндірді Энергетика министрлігінің сарапшылары.

Газ фракцияларын толыққанды бөлу жолға қойылса, бұл елімізде кең ауқымды әрі әртараптандырылған мұнай-газ химиясын құруға кең өріс ашар еді. Себебі МГХ саласы одан әрі дамуы үшін ол газға (шикізатқа), газ фракцияларына қол жеткізуі қажет.

Осы мақсатта Премьер Олжас Бектенов мұнай-газ химиясының мәселелері жөнінде жеке кеңес өткізген болатын. Оның қорытындысында Үкімет басыны жауапты мемлекеттік органдарға «салалық жобаларды жеңілдікпен қаржыландыру және МГХ өндірісі инфрақұрылымын салу шығындарын бюджеттен субсидиялау түрінде мемлекеттік қолдау шараларын әзірлеуді» тапсырды.

Ал жоғарыда көтерілген және басқа да қордаланған мәселелерді шешу үшін ел Парламентінен жаңа заң жобалары топтамасын қабылдау талап етіледі. Энергетика министрлігі елде сауатты заңнамалық тұғыр түзілсе, мемлекеттік қолдау үлесе, онда мұнай-газ химиясы өнімдерінің жыл сайынғы өндіріс көлемі 2024 жылғы 628,3 мың тоннадан 2029 жылы 1 миллион 800 мың тоннаға дейін үш еседі өседі деп жоспарлап отыр.

Бір жақсысы, Үкімет жауырды жаба тоқымай, саладағы проблемаларды ашық айтты. Тек соның нәтижесінде халықты көгілдір отыннан қыспаға болғаны. Бұған қоса, биыл алғаш рет «Мұнай-газ химиясы өнеркәсібін дамытуға 2024-2030 жылдарға арналған Жол картасы» бекітілді. Онда МГХ жобаларын қажетті шикізатпен қамтамасыз ету міндеті қойылды. Зауыттар 1,6 миллион тонна этанмен, 272 мың тонна пропанмен, 400 мың тонна параксилолмен, 100 мың тонна бензолмен қамтылуға тиіс.

Осының арқасында Қазақстан жана бағытты — көмірсутекті барынша терең өңдеу саласын игеріп, табысы мол, экономикалық тиімділігі зор мұнай-газ химиясына серпін бермек. МГХ-ға салынған әрбір доллар инвестиция 2-3 доллар табыс әкеледі, жапсарлас салаларда жана жұмыс орындарының ашылуына түрткі болады. Сала сарапшысы, бұрын КРІ кәсіпорнында басшылық қызмет атқарған Денис Козыревтің айтуынша, халық күн сайын өмірде қолданатын бес заттың төртеуі көмірсутекті терең өңдеу жолымен алынады. Автомобиль құрастыру, машина жасау, медицина, электрлі техника, компьютерлік техника, құрылыс, телекоммуникация, жиһаз жасау және басқа да қаптаған сала осы базалық материалға иек артады. Бірінсіз бірінің күні жоқ.

Ендіше, бұл перспективалы өндірістен Қазақстанның тыс қалмай, оны дамытуға белсенді түрде қатысуы — өмірлік маңызды іс әрі тарихи әділдік. Бізде қажетті ресурс молынан екен, оны іске жарату, келер ұрпаққа шикізаты таусылып, шаңы бұрқыраған бос кен орындарын емес, оның қазынасын ұқыпты, ұтымды қолданып, терең өңдейтін озық дамыған индустрияны қалдыру — бізге парыз.

ТҮЙТКІЛ

ЕСІРТКІДЕН
ТАЗА АЙМАҚҚА АЙНАЛМАҚ

Есірткіге қарсы күрес жүріп жатқанымен, оны саудалаушылар айылын жияр емес. Қарағанды облысында жыл басынан бері 332 есірткі қылмысы анықталып, 445 келі есірткі тәркіленді. Бұдан бөлек, екі жерасты фотолабораториясы жойылды. Сол сияқты есірткі бизнесімен айналысқандардың қызметі тоқтатылды, жылдық қаржы көлемі 2,5 млрд теңгеден асқан 16 күдікті ұсталды.

А Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ,
Қарағанды облысы

Есірткі сатушылар өздерінің жарнама-сын үй сыртына жазып кететіні де бар. Ол жазбаны өшіру бірнеше уақытты алады. Мысалы, қыркүйек айында Қарағандыда есірткі таралуына қарсы күрес пен саулауатты өмір салтын насихаттауға арналған ауқымды акция өтті. Іс-шараға 1 000-нан астам адам қатысты. Олар есірткі заттарының жарнамасы бар заңсыз граффитиді өшірді.

Акция барысында қатысушылар топтарға бөлініп, әр топ учаскелік полиция инспекторларының басшылығымен белгіленген секторларда жұмыс істеді. Нәти-

жесінде, қала аумағындағы 4 200-ден астам заңсыз жазу мен сурет өшірілді.

Қарағанды облысында жыл басынан бері 332 есірткі қылмысы анықталып, 445 келі есірткі тәркіленді. Бұдан бөлек, екі жерасты фотозертханасы жойылды. Сол сияқты есірткі бизнесімен айналысқандардың қызметі тоқтатылды, жылдық қаржы көлемі 2,5 млрд теңгеден асқан 16 күдікті ұсталды. Бұл — аймақаралық штабтың отырысында айтылған цифр.

— Бұл бағыттағы жұмыстарды жандандыру мақсатында Қарағанды, Теміртау, Саран, Шахтинск және Балқаш қалаларында еріктілер мен қоғамдық ұйымдардың қолдауымен «СТОП-граффити» ұранымен ауқымды акциялар өткізілді. 2024 жылдың 16 қазанына дейін 410 рейд жүр-

гізіліп, 11 902 нарकोграффити болды, — дейді Қарағанды облыстық полиция департаменті басшысының міндетін атқарушы Жасқайрат Қайыров.

Заманауи технологиялар дәуірінде қылмыскерлер есірткіні тарату үшін әлеуметтік желілер мен мессенджерлерді көбірек пайдаланады. Осыған дейін облыстық Полиция департаментінің өкілдері есірткіні жарнамалайтын 177 сайт пен парақшаны бұғаттаған.

Есірткіден емдеу мен оның алдын алу мәселелері де басты назарда. Таяуда облыстық психикалық денсаулық орталығында газды хроматограф жұмыс істей бастайды. Денсаулық сақтау басқармасының басшысы Бибігүл Төлегенова бұл құралдың көмегімен адамның ағзасында 100-ден астам есірткі түрін анықтауға болатынын айтады.

Қарағанды облысының әкімі Ермағанбет Бөлекпаев есірткіге қарсы профилактика жоғары оқу орындарында, колледждер мен мектептерде қолжетімді формада жүргізілуі керектігін жеткізді.

— Полиция қызметкерлері қала және аудан әкімдерімен бірге үнемі ауаларды аралап, есірткіні жарнамалайтын орын-



дарды алдын ала анықтауы қажет. Денсаулық сақтау басқармасы мектеп оқушылары мен студенттер арасында үнемі скрининг ұйымдастыруға тиіс. Облыстық диспансер жанынан орталық кенес беретін консультативтік орталық ашу қажет. Аймақта есірткіге қарсы күрестің негізгі мақсаты — қоғамды есірткіге тәуелділікпен күресуге шақыратын қоғамдық қозғалыс құру керек. Қарағанды облысы есірткіден таза аймаққа айналуға тиіс, — дейді Ермағанбет Бөлекпаев.

Қарағанды облысының прокуроры Бауыржан Мырзақерев «есірткі бизнесіне қарсы күрес жалғасып жатыр» дейді. Облыс прокуратурасы есірткі бизнесімен күреске бағытталған «Нашақорлыққа жол жоқ» жобасын жүзеге асыруда. Ведомстволарлық топ құрылған.

— Осы жұмыстың нәтижесінде есірткі заттарын насихаттайтын 7 мыңнан астам жарнамалық сайттар анықталып, бұғатталды. Есірткі заттарын белгілі жерлерде қалдырушылардың көшелердегі жарнамалық жазбалары мен граффитилерін бояу шаралары қолданылды. Есірткіні жарнамалағандар үшін 55 қылмыстық іс қозғалды, оның 33 жоба аясында. Әлеуметтік желілерде, оның ішінде 98 Telegram-каналдарда мазмұны заңға қайшы және заңсыз әрекеттерге шақыратын 174 сілтеме бұғатталды. Ауылдық жерлерде жабайы қарасораны анықтау және жою жұмыстары белсенді түрде жүргізілуде. Жоба барысында Осакаров, Нұра және Қарқаралы аудандарында 200-ден астам қарасора бұталары жойылды, — дейді Бауыржан Мырзақерев.

21 ҚАРАША 2024 | БЕЙСЕНБІ

AQYL LIFE – ЖАҢА ИДЕЯЛАР БАСТАУЫ

Астанада жастар арасында есірткі қылмысына және лудоманияға қарсы бағытталған бірегей Aqyl Life жобасы басталды. «Астана жастары» ресурстық орталығы ұйымдастырып отырған жоба жастар арасында кітап оқу мәдениетін қалыптастыру, интеллектін дамыту және пікір алмасу бағытындағы іс-шараларға негіз болмақ.

«Астана жастары» ресурстық орталығының «Жастар бастамаларын қолдау» бөлімінің басшысы Арайлым Сапарәлінің айтуынша, үш бағытты қамтитын жобаның мақсаты, бірінші – мектеп оқушыларын кітап оқуға баулу, екінші – студенттер арасында дебаттық турнирлер мен үшінші – интеллектуалды ойындар ұйымдастырып, жастардың бәсекеге қабілеттілігін арттыру.

– Aqyl Life жобасы қаладағы өзекті болып тұрған есірткімен күрес және интернет тәуелділік, қауіпті ойындар мен лудоманияға қарсы алаң қуру мақсатында қолға алынды. Бұл қазіргі таңда жастар арасында белгілі блогер, қоғамға танымал тұлғалар қандай кітаптар оқиды, ол адам жастарға не ұсына алады, қандай бағыт-бағдар бере алады, олар өмірлік жолдарына әсер еткен кітаптар туралы бөлісу, пікір алмасу арқылы жастарға өнеге беруіне, үлгі болуына арналған. Бүгін бірінші рет өткізіліп жатыр. Жыл соңына дейін 4-5 мектепті қамту жоспарда бар, – деді ол.

Жоба аясында қала әкімдігінің қолдауымен №28 мектеп-лицейінің оқушыларымен кездесуге Туризм және спорт министрлігінің елшісі Сергей Цырульников, әлеуметтік кәсіпкер, GreenTal компаниясының негізін қалаушы, әлеуметтік инноваторлар қауымдастығының

президенті Эмин Аскеров келді. Олар өздері оқыған үш кітапты оқушыларға таныстырып, өмірін қалай өзгерткенін айтты. Сондай-ақ аудиокітап пен қағаз кітаптың айырмашылығы туралы әңгімеледі.

Сергей Цырульников: «Қазір түрлі аудиокітаптар бар екенін білемін. Бірақ кітапты парақтап оқу адамға ерекше әсер етеді. Сондай-ақ ақпаратты тез қабылдап, мазмұнын оңай түсінесіз. Себебі бар зейініңіз тек сол кітапта болады. Мен қазір тек бір бағыттағы кітаптарды оқымаймын. Поэзияны да, бизнеске арналған кітаптарды да оқимын. Бұл жан-жақты оқуға көмегін тигізеді» десе, Эмин Аскеров адам жылына 50 кітап оқу қажет деген ойын айтты. Ол жастарға психологиялық және кәсіпке баулитын кітаптарды оқуға кеңес берді. «Қазір әлемде 400 мыңға жуық мамандық бар. Жыл сайын оның 500-і жойылып жатыр. Бұл маман иелерінің орнын роботтар басып жатыр. Мен мұнымен ешкімді қорқытқым келмейді. Алайда шындық – осы. Сондықтан біз бәсекеге қабілетті болуымыз керек. Ол үшін жан-жақтылық танытып, түрлі бағыттағы кітаптарды оқуымыз қажет», – деді Эмин Аскеров.

Ал мектеп №28 мектеп-лицейінің директоры Айгүл Құсайынова Aqyl Life сияқты жобалар оқушылардың дағды-

ларын дамытып, білімін шыңдап, жаңа идеялармен шабыттануға мүмкіндік беретінін айтты.

– Казан айында буллинг бойынша жиын өткізгенбіз, бүгінгісі – екінші іс-шарамыз. Оқушылармен кездесу олардың тәрбиесіне көбірек көңіл мақсатында ұйымдастырылады. Кітап оқудың оқушылар үшін тәрбиелік мәні көп, білім алуына көп әсер етеді. Бүгінгі іс-шарадан біздің балалар көп жақсы эмоция алды деп ойлаймын, – деді Айгүл Құсайынова.

Кездесудің қызықты болғаны сондай оқушылар спикерлерге кезек-кезек түрлі тақырыпта сұрақтар қойып, өздерінің оқыған кітаптары туралы және армандары мен мақсаттары туралы ойларын ортаға салды.

«Мұндай іс-шаралардың болғанына өте қуаныштымын. Себебі адамның ой санасын түгелдей өзгерте алады. Болашақта қандай маман иесі боламын



Кездесудің қызықты болғаны сондай оқушылар спикерлерге кезек-кезек түрлі тақырыпта сұрақтар қойып, өздерінің оқыған кітаптары туралы және армандары мен мақсаттары туралы ойларын ортаға салды.

деп ойлағанда, нақты нені жоспарлауға болатынына бағыт береді. Осындай іс-шаралар көп болғанын қалаймын», – деді 9-сынып оқушысы Айзат Токтабай. Ал 10 сынып оқушысы Мадияр Жұмасейітов: «Кітап оқудың маңызы туралы



оқимын. Менің ойымша, мұндай шаралар көбірек болса, балалардың да сана-сезімі көтеріліп, олар да оқуға көбірек ұмтылады. Өзім өскенде инженер-конструктор болғым келеді», – деді.

Aqyl Life жобасы «Астана жастары» ресурстық орталығының маманы Алуа Балтабаева айтқандай, жастарға шабыт беретін оқиғалармен танысуға, табысты әрі саналы өмір салтын ұстанған адамдардан құнды кеңестер алуға арналған бірегей жоба және жастардың аналитикалық ойлауын, шешендік қабілетін, командалық рухын дамытуға ықпал етеді. Сондай-ақ кездесу оқушыларға еңбексүйгіштік – бар игіліктің бастауы екенін ұғындырумен қатар, жаңа идеялар мен ұмытылмас әсер сыйлады десек болады.

ҚАРТТАРДЫҢ АУЛАСЫН ҚАРДАН ТАЗАЛАДЫ

Биыл күздің соңғы айы қарашада қалың қар түсіп, коммуналдық қызметтер тәулік бойы екі ауысымда жұмыс істеп, күн сайын қаладан жүздеген жүк көлігі қар шығарып жатыр.



Ал көптеген жеке сектор тұрғындарының, әсіресе жалғыз тұратын зейнеткерлердің ауласын қардан тазартуға мүмкіндіктері жок. Қарт кісілерге қар тазалау физикалық тұрғыдан қиын әрі өте қауіпті екені белгілі. Сондықтан оларға көмектесу, жәрдемдесу жастар үшін қалыптасқан жақсы үрдіс бар. Жастар қаладағы түрлі жағдайдағы өзіне қолайлы орта жасай алмайтын тұрғындарға көмектесіп, отынын, көмірін түсіріп, ауласының қарын, мұржасының күйесін, пешін тазалап беруге дағдыланған.

Биыл «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық акциясы аясында Астана қаласы әкімдігінің «Астана жастары» жастар ресурстық орталығы КММ-ның 20 шақты волонтері зейнеткерлердің үйлерінің жеке ауласын қардан тазартты және көмір түсіруге қолғабыс етті.

Мұндай жұмыстар өскелең ұрпақтың үлкенді сыйлау, кішіні құрметтеу секілді өзара көмек және ұжымдық жұмыс әдеттерін жетілдіруге септігін тигізеді. Сондай-ақ «Бірлесек көтерген жүк жеңіл» деп бабадан балаға мирас болған ынтымақ-татулық сынды қағидалардың жастар арасында нығаюына әсер етеді. Ізгі, игі істер эмпатияның дамуына ықпал етіп, неғұрлым тұрақты және камкор қоғам қалыптастыратыны даусыз.

Байқоңыр ауданының әкімдігімен бірлесіп, жалғызбасты қарт адамдардың жеке үйлерінің аулаларында қар тазалап, көмір түсіруге көмектесуге барған



еріктілерге қажетті жабдықтармен және жылы қолғаптар берілді.

Өзін Давид Шарипов деп таныстырған ерікті бұл өздері қатысқан алғашқы акция емес екенін айтты.

– Мен – Жастар ресурстық орталығының волонтерімін. Бұл біз қатысқан алғашқы акция емес. «Таза Қазақстан» акциясы жастардың қызығушылығын кеңінен қамтыды. Бұл тек таза көшелер мен саябақтар жайында емес, сонымен қатар таза ниеттер мен игі істер туралы екенін түсінуіміз керек. Мемлекет басшысы волонтерлік қызметтің баға жетпес үлесі туралы бірнеше рет айтқан. Біздің жігіттер әрқашан бірінші болып жауап береді және қажет болған жағдайда көмекке асығады. Елорданың жастары мүмкіндігінше біздің еріктілеріміздің үлгісін ұстанып, осы асыл акцияға қосылғанын қалаймын, – Д.Шарипов.

Ал Байқоңыр ауданының тұрғыны ерікті жастардың қызметіне ризашылығын білдіріп, алғыс айтты.

– Қыс енді ғана басталды, қар аз жауған жоқ. Қарды өзімнің тазартуға шамам жоқ. Жарайсындар, балалар, өте уақытылы көмектесті. Осы балалар болмаса, жалғыз өзім не істер едім. Осындай балаларды тәрбиелеген ата-аналарына алғысым зор. Қар тазалауға көмектесетіндерін айтқан кезде қатты қуандым. Мұндай көлемде қар жауғанда қақпаны ашу қиын болады, бұрынғыдай күш-қуатымыз жоқ. Уақыттарын бөліп, бар күшін салып, көмектесіп жатқан балаларға көп рақмет. Бұл – біз үшін үлкен көмек, – деді ол.

АБАЙ ОБЛЫСЫНДА ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ САЛАСЫНА БАСЫМДЫҚ БЕРІЛУДЕ

Абай облысының өңірлік коммуникациялар қызметі кезекті баспасөз туры ұйымдастырды. Бұл жолы баспасөз-тур әр өңір үшін маңызды саланың бірі – денсаулық сақтау саласына арналды.



Баспасөз-тур бағдарламасы аясында алғашқы нысан ретінде Желел медициналық жәрдем ауруханасы таңдалды. Абай облысы денсаулық сақтау басқармасының басшысы Талғат Молдабековтің айтуынша, қазіргі уақытта аурухананың материалдық-техникалық базасы едәуір нығайтылған.

– Реанимациялық шараларға арналған аппараттар – жоғары деңгейдегі дефибриляторлар мен операция кезінде пациенттің жағдайын бақылауға мүмкіндік беретін жабдықтар сатып алынды. Бұл күрделі операцияларды жасауға да мүмкіндік береді, – деді Талғат Молдабеков.

Аурухана директоры Еркін Сабитов ауруханада орнатылған МРТ аппаратының жүктемесі жоғары екенін атап өтті: ол күніне шамамен 70 емделуші қабылдайды. Бұл – облыстағы 127 кескінге дейін сурет жасай алатын жалғыз аппарат.

– Біздің ауруханада 1 200-ден астам қызметкер жұмыс істейді, олардың ішінде 150-ден астамы – жоғары білікті дәрігерлер. Олардың барлығы тұрақты түрде білімдерін жетілдіріп, шетелде оқудан өтеді. 2023 жылдан бері біз ашық жүрекке ота жасаймыз. Жалпы, биылғы 9 айда біз 15 мыңнан астам емделушіге көмек көрсеттік, – деді Еркін Сабитов.

Талғат Молдабековтің айтуынша, облыс аудандарында бүйрек аурулары бар емделушілерге арналған жана диализ орталықтары ашылды.

– Үржар және Көкпекті аудандарында диализ орталықтары ашылды. Үш апта бұрын дәл осындай орталық

Ақсуат ауылында іске қосылды. Енді емделушілерге қажетті процедураларды алу үшін облыс орталығына барудың қажеті жоқ. Сонымен қатар биыл Мақаншы мен Жарма ауылдарында екі жаңа компьютерлік томограф орнатылды. Үржарға ангиограф, ал Аягөзге МРТ аппараты орнату жоспарлануда, – деп атап өтті спикер.

Сонымен қатар облыста «Ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасын іске асыру шеңберінде 2025 жылға дейін облыс бойынша 65 алғашқы медициналық-санитарлық көмек нысанының құрылысы жүргізілуде. Оның ішінде жыл соңына дейін 64 алғашқы медициналық-санитариялық көмек объектісін іске қосу жоспарлануда, 8 нысан пайдалануға берілді.

Облысты дамытудың Кешенді жоспарына Семей қаласында 5 медициналық нысан салу енгізілді. Қазір инвестордың қаражаты есебінен жобалық-сметалық құжаттар әзірленуде.

Неонатология саласы да қарқынды дамуға: облыстық перинаталдық орталықта жөндеу жұмыстары аяқталуға жақын. Орталық директоры Архат Даирбековтің айтуынша, жаңа ғимараттың барлық инженерлік желілері қосылып, жақын арада пайдалануға беріледі.

– Бізде кадр тапшылығы жоқ, жаңа жабдықтар сатып алынды. Орталықта жаңа лифтер орнатылды, бұрын болмаған желдету жүйесі іске қосылды. Сонымен қатар емделушілерді оттегімен қамтамасыз ету үшін оттегі стансасы орнатылуда, – деді Архат Даирбеков.

ФИЛОСОФИЯ – ШЕКАРАСЫЗ ІЛІМ

Парижде 1900 жылы өткен конгрестен кейін араға 124 жыл салып қайта жаңғыртылған басқосудың Сапиенца университетінде өтуі бекер емес – sarienza сөзінің өзі «даналық» дегенге саяды, аталмыш білім ордасында Мария Монтеessori, Бернардо Бертолуччи, Федерико Феллини, Габриеле Д’Аннунцио, Серджио Маттарелла және басқа да танымал тұлғалар тәлім алған. Римде конгресс алғаш рет, ал Италияда төртінші рет өткізілуде (Болонья (1911), Неаполь (1924), Венеция (1958). Осылайша, Италия – адамзат тарихында Дүниежүзілік философия конгресін төртінші рет өткен жалғыз ел болып табылады.

Қандай да бір «шекарадан тыс», әртүрлі сипатта ойлауға шақыру – Дүниежүзілік философия конгресінің басты мақсаты болды. Конгресс алаңында әлем философияларына біздің ортақ әлеміміздің әлеуметтік, экономикалық, саяси, технологиялық және мәдени болашағы туралы әртүрлі идеямен бөлісу үшін тамаша мүмкіндік берілді.

Халықаралық философиялық қауымдастықтар федерациясының президенті Лука Скарантино шараны аша отырып, «Бізге философияны сүйетіндерге және ғалымдарға, саясат шекараларынан тыс пікір алмасуларды қамтамасыз етуде маңызды функцияларды көбірек атқарып, академиялық желілер құруға және жалпы жаһандық қауымдастық сезімін қалыптастыруға қажетті теориялық және моральдық жағдайлар жасауды қамтамасыз ету қажет» екенін атап өтті.

Скарантиноның пікірінше, қазір философия бұрынғыдан да кең ауқымды философиялық тұжырымдамаларға сүйенуі қажет.

«Біртұтас мәдениет шеңберінде немесе өз мәдениетіміздің шегінде ғана ойлау – құрлықтар арасында идея, тіл, әдет және стиль еркін айналып, бір-бірімен тығыз араласып жатқан әлемде тиімсіз болып қалды. Біздің философиялық қауымдастықтардың – қазіргі философияның маңызды бағыттарының бірі ретіндегі мәдениетаралық инклюзивтілігін мойындайтын уақыт келді; көптеген адамзат өркениеттерінің философиялық мұрасын және көзқарастарын лайықты деңгейде бағалап, мойындап, оларды біздің академиялық стандартты тапсырмаларымызға қосу керек. Біздің әлем бізден, философтардан, философияның мағынасы, ауқымы және оның жеке әрі мәдени тұрғыдан мағыналы жаһандық деңгейдегі шекараларын қайта бағалау бойынша тарихи міндетімізді қабылдауымызды күтетін секілді», – деп атап өтті федерациясы президенті.

Конгреске 109 елден 5 723 адам тіркелді. 8 626 тезис қабылданды, олардың 4 309-ы мақұлданды, 997 5 пленарлық сессия, 10 симпозиум, 6 лекция, 5 диалог сессиясы, 345 дөңгелек үстел, 138 шақырылған сессия, 107 қоғамдық сессия, 489 тақырыптық сессия, философиялық білімнің барлық саласы бойынша 190 студенттік сессия өтті. Ынғайлы мобильді қосымша әзірленді. Конгрестің негізгі спикерлері – Адриано Фабрис (Италия), Дэвид Чалмерс (Аустралия), Джеффри Сакс (АҚШ), Дженнифер Хорнсеби (Ұлыбритания), Джоселин Бенюэт (Франция), Магди Салех (Египет), Мануэль Гарсия (Испания), Масаки Ичиносэ (Жапония) және тағы басқалары болды.

«Жұлдыздар астындағы философия» атты үш кеш өткізілді, ол Колизей археологиялық паркінің Палатин стадионында сыны және философиялық ойға арналды. Іс-шараны Фабриция Джулианимен сұхбат жасай отырып, Джойс Кэрол Оутс ашты. Түнгі жұлдыздардың аясында Дэвид Чалмерс, Максимо Ибарра, Натали Точчи, Маурицио Феррарис, Юк Хуэй, София Боникаци сөз сөйледі.

«Жұлдыздар астындағы философияның» мақсаты – «Шекарасыз философия» тақырыбына арналған пікірталастар аясын кеңейту, интеллектуалдық ой жүгірту және кең аудитория үшін сыны ойлауды дамыту. Үш кеш бойы үш түрлі тақырыптық бағыт ұсынылды. Бірінші кештің қонағы – Принстон университетінің профессоры, америкалық жазушы, акын және драматург Джойс Кэрол Оутс болды, ол әдебиет пен философия арасында тағы бір көпір салды. Белгілі жазушы өзінің жарияланбаған мәтінімен бөлісіп, тіл философиясы және коммуникация тақырыптарына арналған көптеген ессенің авторы, Рим университетінің («Ла Сапиенца») профессоры Фабриция Джулианимен сұхбаттасты. Екінші кеш «Табигаттан тыс» деп аталып, онда Гонконг философы, Роттердам университетінің профессоры, Философия және технологияны зерттеу орталығының негізін

Еуропаның XIII ғасырдың басында ашылған атақты оқу орындарының бірі Римдегі Сапиенца университетінде XXV Дүниежүзілік философия конгресі өтті. 1-8 тамыз аралығында «Шекарасыз философия» ұранымен өткізілген бұл конгресс барысында философияның қазіргі заманғы шекаралары қайта қаралды.



қалаушылардың бірі Юк Хуэй сөз сөйледі. Қазіргі заманғы ең қызықты технологияны зерделеуші философтардың бірі болып саналатын Юк Хуэй сандық объектілердің мәселелерімен, технологияның саясатымен және поэтикасымен, компьютерлік инженериямен, әлеуметтік желілердің баламалы архитектурасын жасаумен айналысады. Ол техника философиясы, медиа теориясы және кибернетика бойынша кітаптар мен мақалалар жазған Бернар Стиглердің шәкірті. Сонымен қатар халықаралық қатынастар саласындағы итальяндық саясаттанушы, сарапшы Натали Точчи сөз сөйледі. Ол халықаралық істер мен бейбітшілікті сақтаудағы Еуропалық Одақтың рөліне, сондай-ақ еуропалық мемлекеттер арасындағы қарым-қатынастар бойынша пікірін ортаға салды.

Содан кейін Турин университетінің теориялық философия профессоры, La rivista di Estetica журналының бас редакторы Маурицио Феррарис сөз алды. Ол Critique, il Circolo Hermeneutic editorial және аут аут сияқты журналдарды құруға атсалысқан. 2010 жылдан бастап Repubblica газетінің мәдениет бөліміне мақалалар жазып жүрді. Rai Cultura телеарнасы үшін «Қозғалыстағы философия» атты бейнедерістер сериясын жасап, 2015 жылдан бері Rai-5 арнасында саясат пен мәдениет тақырыптарына арналған «Өнер жағдайы» бағдарламасын жүргізіп келеді. Эстетикада оның есімі сезім теориясымен, құжаттардың онтологиясы ретінде түсіндіретін әлеуметтік онтологиямен, сондай-ақ жана реализм арқылы постмодернизмді өңдеумен байланысты. Философиялық герменевтика саласының белгілі ғалымы Маурицио Феррарис зерттеулерінде постмодерннің орнын басқан жаңа реализм парадигмасын алға қойды. Өткендегі реализмнің рационалды құрылымдарын қайта ойластыру тақырыбы қазіргі философиялық мәселелер үшін маңызды болып табылады. Ферраристің философиясына сүйенсек, фрагменттерді, ыдырауды, хаосты өңдеу және барлық «шашыранқы» элементтерді тұтас бір бүтінге жинақтау арқылы біз тұлғамызды ашамыз. Сондықтан жана реализм қазіргі заманның сызықтық емес дискурсында әртүрлі позициялардың қатар өмір сүру формасы емес пе? Егер солай болса, философтар мен философия әрқашан диалогке «мәжбүр». Білімді биліктің құралы ретінде қарастырылған Мишель Фуконың ілімін түсіндіре отырып, Феррарис «фукант» ұғымын енгізеді, ол Кант пен Фуконың эпистемологияларын біріктірген ұғым, мұнда Канттың априорлық әдістемесі Фуконың генеологияларында конвертацияланады.

Үшінші кеш «Зерде» деп аталды, онда Нью-Йорк университетінің «Зерде, ми және сана орталығының» тең директоры, философия және нейроғылым профессоры Дэвид Чалмерс, Римдегі Гвидо Карло Луисс университеті мен бизнес мектебінің цифрлық маркетинг профессоры,



1900 жылдан бері Дүниежүзілік философиялық конгрестер өткізіліп келеді, олар әрқашан заманның рухы мен маңызды тақырыптарын көтереді. Бүгінгі заманның тақырыбы – шекарасыз философия біздің сұраныстарымызға жауап береді.

инженерия бөлімінің бас директоры Максимо Ибарра және Рим III университетінің Коммуникация философиясы кафедрасының доценті София Боникали сөз сөйледі.

Дэвид Чалмерс – әлемдегі ең ықпалды философтардың бірі, сана мәселесін зерттеуші, ми, қазіргі когнитивтік ғылыммен айналысатындардың қызығушылығын туғызды. Негізін сана, зерде философиясы және жасанды интеллект мәселелерімен айналысатын танымал аустралиялық философ және когнитивтік «сананың мәселесі» деп аталатын әйгілі концепциялардың бірінің авторы. Дэвид Чалмерс панпсихизм туралы көзқарастарымен де танымал – бұл идея бойынша сананың болмыстың негізгі аспектісі болуы мүмкін, ол барлық физикалық объектіде әртүрлі формада көрініс табады. Өз жұмыстарында ол сананың тек адам миы сияқты күрделі жүйелерден пайда болмайтынын, керісінше, оның болмысты терең құрылымдарында тамыр жаюы мүмкін екенін талқылайды. Сонымен қатар Чалмерс жасанды интеллект және оның санаға қабілеттілігі туралы мәселелерді белсенді зерттейді. Ол санамен қамтамасыз етілген немесе сананы имитациялай алатын машиналармен қалай әрекеттестіріміз жөнінде маңызды этикалық және философиялық сұрақтарды көтереді. Үш кеш метафизикаға, трансценденттікке және сыны ақыл-ойға арналған философияда жана мүмкіндіктер ашты. Алайда барлық кеште қазіргі мәселелер философиялық білім мен философия тарихының призмасы арқылы проблематизацияланды, себебі философиялық жүйелердің тарихи сипатын түсінбейінше, қазіргі ұғымдарымыз бен стратегияларымыздың феноменологиясын түсіну мүмкін емес. Философиялық конгрестер әрқашан бізді «догматикалық ұйқыдан оятады», Юм философиясы туралы Канттың бұл әйгілі сөзін бұл жерде де орынды қолдануға келеді. Пленарлық отырыстарда «көкейтестілік», постковидтік метаморфозалар, онтологиялық фрагменттілік, саяси айлашарғылар, саяси технологиялар және «антисезімтал бірегейліктің» қалыптасуы кенінен талқыланды. Гарвард және Колумбия университеттерінің профессоры, БҰҰ Бас хатшысының кеңесшісі, белгілі экономист Джеффри Сакс жасаған баян-

дама қошеметке және пікірталасқа ие болды. Оның сөзі философтарға үндеу болды: талдау жасап, ойлап, әрекеттеніп, белсенді түрде философиямен айналысу – ойдың «жаттығуы» емес, әрекет ету. Өз философиялық ойларымыздың жүзеге асуына жауапкершілікпен қарау – оның тағы бір маңызды идеясы. Пленарлық отырыста баяндамашының тезистеріне қарағанда әлі де бар және болашақта да болатын гендерлік мәселеге назар аударылды. Әрине, философия – бұл біздің көзқарастарымызды, ойларымызды,

дәуіріндегі адам мәселелері. Белгілі ғалымдар – А. Косиченко, Г. Барлыбаева, А. Әмребаев, Б. Мейрбаев, А. Әбішева және басқалар өз баяндамаларымен шетелдік әріптестерінің айрықша қызығушылығын туғызды. Исламдық дискурс Конгресс аясында Иран, Египет, БАӘ елдерінен қатысушылар тарапынан кенінен талданды. Біздің ғалымдар ислам мәдениеті, ислам бірегейлігі, исламдық дәстүрлер мәселелерінде әріптестерімен көптеген ұқсастық пен түсінік тапты.

Қазақстан және Орталық Азия философиясына арналған Өзбекстан, Қырғызстан, Тәжікстан әріптестерімен бірлесіп ұйымдастырылған воркшоп сессиясын ерекше атап өтуге болады. Әріптестер философияның әлемдік философиялық кеңістікке интеграциялаудың қажеттілігін атап өтіп, өздерінің ұлттық философиялық тәсілдерін сак-



таудың маңызды екеніне баса назар аударды.

Дөңгелек үстелдерде басымдық танытқан баяндама тақырыптары болған жоқ, себебі XXI ғасыр философиясы плюрализм жағдайында дамып келеді. Дегенмен қазіргі философияға тән бірнеше үрдістерді атап өтуге болады: бұл – мәселелерге тереңдеп, нақты салаға бағытталған мамандану тенденциясы. Біздің ғалымдар атап көрсеткендей, Қазақстан философиясының ерекшелігі – қазақ халқының рухани түпнегіздеріне байланысты болуында, оның сабақтастығы және диалогқа, шығармашылыққа, еркін коммуникацияға ұмтылуында деуге болады.

Философиялық конгресте еліміздегі осы сала үшін бірқатар маңызды ойлар айтылды: Қазақстан философиясы өткен философиялық тәжірибені түсіндіру, оны қайта бағалау, ұлттық философия үшін жана концептуализация стратегияларын әзірлеу арқылы Дүниежүзілік философия кеңістігіне интеграцияланатын көпқырлы интеллектуалды процесс ретінде жүзеге асырылады. Философияны дамыту, оның өзін-өзі анықтауы, еркін рефлексиясы үшін маргиналдылық пен тұлғасыздануды жеңу қажет. Барлығы үшін және әркім үшін біртұтас философия жоқ, бірақ «ортақ» нәрсе бар, оны тек философия түсіне алады. Философия, философиялық ойлау – бұл аяқталмаған процесс, ол адамды өткенімізді түсіну арқылы бүгінгімізді түсінуге итермелейді. Бірақ философия тарихын және философиялық ойлау тарихын «антиквариаттау» емес, философиялық концептілерді нақты болмысқа, нақты сезімдерге, нақты ойларға, нақты істерге енгізу қажет. Философиялық білім оны түсіну және ой елегінен өткізу үшін екі рет сүңгуге болатын өзен сияқты болуға тиіс, бірақ үмітсіздікті және үзіліп қалған ойлардың ашылығын көрсету үшін емес.

Аталмыш басқосудағы пікірталастар, презентациялар қысқаша айтқанда, шекарасыз философияға сүңгіте алды, бірақ үнемі философияның шеңберінде ұстап тұрды. Не таңғалдырды, әсер етті, қуантты? Бұл көзқарастар, қарым-қатынастар мен дискуссиялардағы еркіндіктің рухы. Мыңжылдық адам ойының тәжірибесімен қалыптасқан философия бүгінде еркін философияның еркін философиясы ретінде жүзеге асауда, оған қол жеткізу үшін және оның шеңберінен алыстап, қисынсыз әлемге шықпау үшін еңбек ету қажет.

XXV Философиялық конгресс сәтті өтті, келесі Әлемдік конгресс Күн шығысы еліндегі Токио қаласында өтеді, біз де бұл ұсынысты қолдадық. Ал әзірше бізде ойлауға уақыт бар, ең ұлы салалардың бірі – философиясыз өмір сүруге болар, бірақ философиясыз өмір сүру адамға да, қоғамға да мағынасыз.

Зарема ШАУКЕНОВА, академик
Аяжан САҒИКЕВЫЗЫ, профессор
Наталья СЕЙТАХМЕТОВА, профессор

21 ҚАРАША 2024 | БЕЙСЕНБІ

ҰСТАЗДАР ҰСТАХАНАСЫНА – 80 ЖЫЛ

Биыл Қазақ ұлттық қыздар университетінің құрылғанына – 80 жыл. Ғасырға жуық уақытты артқа тастаған оқу ордасының негізі сұрапыл соғыс өрті тұтанып тұрған уақытта қаланған еді. Осыған қарамастан қара шаңырақ қазақ қыздарының бағытын айқындап, білім көкжиегінің кеңеюіне атсалысты. Таяуда ғана ұстаздар ұстаханасына айналған білім ошағының 80 жылдық мерейтойына орай «Білімді қыздар – білімді ұлт» атты халықаралық форум өтті.



Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ, Алматы қаласы

Жиынға отандық жоғары оқу орындары мен ғылыми қоғамдастық өкілдері, шетелдік университеттердің жетекшілері, қоғам қайраткерлері, сондай-ақ зиялы қауым өкілдері мен университет түлектері қатысты. Форум аясында пәнаралық ғылыми зертхана, жана оқу ғимараты және «Мазмұндама» баспа үйімен бірлескен QuzPU UniSpace коуркинг орталығы ашылды. Одан өзге, Гонконг білім беру университетінің президенті, профессор Джон Ли Чи Кин мен Қазақстан Республикасының педагогикалық жоғары оқу орындары ректорларының арасында Академия құру туралы шартқа, QuzPU мен Michigan State University арасындағы стратегиялық серіктестік жөнінде, Sussex University-мен ынтымақтастық туралы келісімге қол қойылды.

Форумда сөз алған Президент жанындағы Ұлттық құрылтай мүшесі, профессор Кәрімбек Құрманәлиев университеттің қоғамға білім мен тәрбие негіздерін сіндіруге мән беріп, ұлттық рухани және интеллектуалды тұрғыда өркендеуіне сүбелі үлес қосып келгенін атап өтті.

– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлытауда өткен Ұлттық құрылтайдың бірінші, Түркістандағы екінші және Атырау қаласындағы үшінші отырысында ұлттық құндылықтарды ұлықтау бойынша тың бастамалар көтергенін, сонымен қатар сапалы ұлт қалыптастыру, отбасылық құндылықтар, отансүйгіштік, тарихи

тұлғаларға тағзым, қарттарды құрметтеу, аналарын аялау – оқу орындарының тәрбие жұмысының өзегіне айналдыру міндеттегенін айтқым келеді. Міне, осы міндеттер үлесін шығып, ұлттық тәрбиенің ұстаханасы деген атақты абыроймен атқарып, Жана Қазақстанның жаңа тұрпатты кадрларын даярлап отырған киелі шаңырақ – ұстаздар университетін мерейлі мерейтойымен шын жүректен құттықтаймын! – деді К.Құрманәлиев.

Ал форумға қатысқан университет түлегі, ұлағатты ұстаз, мемлекет және қоғам қайраткері, «Парасат» орденінің иегері Оразқұл Асанғазы аталмыш оқу орны ұлт қайраткері Нұртас Ондасыновтың ұйытқы болуымен ашылғанын еске ала отырып, болашақта ел игілігі үшін қызмет ететін сапалы кадрларды өсіп шығуы әрқыз өзекті екенін жеткізді.

– Бүгін – расында ерекше күн. Қиын-қыстау заманда жұртын, келешегін ойлаған Нұртас Ондасыновтың тұсында ашылған Қыздар педагогикалық институты жыл сайын жасарып, жаңғырып, үлкен жетістіктерге қол жеткізгеніне куә болып отырмыз. Университетте ғимараттардың жанадан салынуы, техникалық жабдықтармен толығы бізді ерекше қуантты. Білім ордасында Нұртас Ондасынов атасындай қызметті абыроймен аяқтап, зейнетке шыққанда «менің қолым таза, арым таза, жүзім таза» дейтіндей адал қызмет ететін ұстаздар тәрбиеленуін тілеймін, – деді О.Асанғазы.

Қазақстанның тұңғыш Еңбек Ері, Қазақ КСР Халық ағарту ісінің үздігі,

Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Аягүл Миразова қазақ аруларының қара шаңырағы ел тұтқасын ұстар өскелең ұрпақты білім нәрімен сусындатып, жарқын болашаққа айқын бағыт сілтеуде маңызды рөлге ие екенін алға тартты.

– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев келешегіміздің бейнесі туралы өз ұстанымын былайша жеткізген еді. Ол біріншіден, Әділетті Қазақстан, екіншіден, адал азамат, үшіншіден, озық ойлы ұлт екенін айтты. Ал озық ойлы ұлтты кім қалыптастырады? Әрине, ең бірінші баланы аналар өмірге әкеледі. Одан кейін балаға білім мен тәрбие берушілер – ұстаздар. Елімізде озық ойлы ұлтты тәрбиелейтін үлкен шаңырақ – Қыздар университеті. Мұнда тек ұстаздар ғана емес, тектілік пен даналықтың бейнесіне айналған Домалақ ана сынды қыздар да тәрбиеленіп шығады, – деді А.Миразова.

Балуан Шолақ мәдениет және спорт сарайында өткен іс-шарада мерейтойдың қорытынды нүктесі қойылды. Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек құттықтау сөз сөйлеп, университеттің профессорлық-оқытушылық құрамын ғылымға қосқан үлесі үшін марапаттады.

– 80 жыл бұрын сол кездегі басшылар ең қиын кезеңде, әлемдік соғыстың төртінші жылында университет ашу туралы үлкен шешім қабылдады. Ежелгі Грекияда бір жақсы нақыл сөз бар. «Қоғам қашан үлкен болады? Сол қоғамдағы адамдардың үлкендері көлеңкесіне отыра алмайтынын біле тұра ағаш екен». 1944 жылы үлкен ағаш егілді, сол ағаштың көлеңкесінде қазір біз отырмыз. Сол ағаштың жемісі – қазіргі 12 мыңнан аса студентті көрдік. Біріншіден, ұстаздарға, профессорлық-оқытушылық құрамаға, университет басшылығына айтарым, ағаштарды еге беріңіздер, шамшырағымыз сөнбесін. Қыздар университеті – тек білім беру ордасы емес, ұлттық құндылықтарды дәріптеуші және тікелей қоғамға жеткізуші білім ордасы, – деді министр С.Нұрбек.

Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті – Қазақстандағы және Орталық Азиядағы әйелдерге арналған жалғыз мамандандырылған жоғары оқу орны. 1944 жылы негізі қаланған университет отандық білім беру саласында айрықша орын алады. Ғасыр жасына жакындаған қара шаңырақ бүгінде ұлттық педагогика және қоғамның мәдени-әлеуметтік даму жолында белсенді қызмет етіп келеді.

Назарбаев университеті жанындағы Ақылды жүйелер мен жасанды интеллект институтында елімізде алғаш рет сөз моделіне сүйене отырып жасалған Soyle App көпфункционалы қолданбасының тұсаукесері өтті.

SOYLE APP – КӨПФУНКЦИЈАЛЫ ОТАНДЫҚ ҚОЛДАНБА



Әсет ҚАЛИ

Бұл көпфункционалы қолданба сөзді тану, дауыс синтезі және ауызша сөз бен мәтінді төрт тілге (қазақша, орысша, ағылшынша, түрікше) аудару мүмкіндіктерін ұсынады. Қазақстанның іргелі сөз моделіне сүйене отырып жасалған Soyle App қолданбасы – Қазақстан мен одан тыс жерлерде көптілді қарым-қатынасты жақсартуға бағытталған жасанды интеллекттің озық өнімі, ISSAI зерттеушілері мен әзірлеушілері командасының бесжылдық жұмысының маңызды бөлесі. Бұл қолданба Қазақстанның дамып келе жатқан цифрлық кеңістігінде жан-жақты қатынас құралы ретінде қызмет етепек.

Шара барысында Soyle App қолданбасының жоба менеджері Ұлжан Бисаринова қолданба адамдардың қарым-қатынасын оңтайландыратынын, тиімді аудармалар жасайтынын айта кетті.

– Бұл қолданбаны жасау үшін 5 жыл көлемінде жұмыс істеді. Қолданбаны әзірлеуде қолданушылардың нақты қажеттіліктерін басты назарға алдық. Сөз тану, дауыс синтезі және лездік аударма мүмкіндіктері арқылы бұл қолданба төрт тілде – қазақ, орыс, ағылшын және түрік тілдерінде қарым-қатынасты жеңілдетуге мүмкіндік береді. Біз үшін басты жетістік – қазақ тілін жаһандық деңгейде танымал ету және оны жасанды интеллект жүйелерінде сапалы түрде қолдану. Soyle App BLEU көрсеткіштері бойынша Google Translate және басқа танымал платформалардан асып түсетін жоғары аударма сапасын ұсынады.

Қолданбаның интерфейсі қарапайым әрі қолдануға жеңіл. Сонымен қатар біз Soyle App-ты жеке пайдаланушылар мен бизнестің интеграциясына бейімдеп, икемді және тиімді шешім ретінде ұсындық. Алдағы уақытта біз қолданбаны одан әрі жетілдіріп, жана мүмкіндіктер қосуға дайынбыз. Soyle App – бұл тек аударма құралы ғана емес, тілдерді біріктіретін көпір, – дейді ол.

Жоғарыда айтқандай, қолданбаның функциялары әртүрлі қызметті атқара алады. Мысалға айтатын болсақ, қолданба адамның аузынан шыққан сөзді лезде қағып алады. Сіздің төрт тілдегі жазған мәтіндеріңізді сол заматта-ақ аударып береді. Одан бөлек, қолданбаның интерфейсі де өте түсінікті. Бұл қолданбаның қолжетімділік жағын да тілге тиек етпеске болмас. Оны жеке адамдар да, бизнес өкілдері де өз қажеттіліктеріне оңай бейімдеп, күнделікті тапсырмаларын тиімді орындай алады.

Барлығымыз күнделікті өмірде аудармаға келгенде Google-дың немесе Yandex-тің аудармасына дөңдеп алдық. Тіпті, кейінгі уақытта ChatGPT-дің аудармасы да өзіне шаң жуытпай келе жатыр. Ал кеше ғана пайда болған отандық қолданба Soyle App-тің аудармасы олардан да асып түседі. Яғни, әлемге белгілі аударма сапасының FLoRes деректер жиынындағы BLEU көрсеткіштері арқылы өлшенген.

Естеріңізге сала кетсек, Ақылды жүйелер мен жасанды интеллект институты (ISSAI) жасанды интеллект зерттеулеріне баса назар аударып отырып, Қазақстанның цифрлық саласындағы зерттеулер мен инновациялардың драйвері ретінде 2019 жылдың қыркүйегінде құрылған. Назарбаев университетінің Block I ғимаратында орналасқан ISSAI өнеркәсіп пен қоғамның нақты мәселелерін шешу үшін машиналық интеллект бойынша панаралық зерттеулер жүргізеді.

– ISSAI институты әрдайым жана технологиялық шешімдерді әзірлеу мен елдің цифрлық инфрақұрылымын дамытуға бағытталған. Soyle App – осы бағыттағы алғашқы жобамыз. Бұл қолданба тек аударма құралы емес, сонымен бірге жасанды интеллекттің кең мүмкіндіктерін Қазақстанның цифрлық дамуында қолдану жолындағы маңызды қадам. Біз бұл жобаны жүзеге асыра отырып, еліміздің жасанды интеллект саласындағы әлеуетін әлемдік деңгейге шығару мақсатында жұмыс істеп келеміз, – дейді ISSAI институтының директоры Хусейн Атакан.

ТУРИЗМ ТҮЛЕГЕН ЖЫЛ БОЛДЫ

Алматы облысы экономикасының басты тірегінің бірі – туризм. Табиғаттың барлық белдеуі орналасқан, айдын көлдері асқар таулармен астасқан, құмды өлкелері орман-тоғайлармен тоқайласқан аймақта алыс-жақыннан ат басын бұрған саяхатшыларды құпия сырларымен, тарихи құндылықтарымен өзіне тартатын орындар да баршылық.

Болат АБАҒАН, Алматы облысы

Соған сай әлемдегі бірқатар елдің өркендеуіне өзек болып отырған туризмді дамытуға Алматы облысында да айрықша көңіл бөлініп, қолдау жасалуда. Соның арқасы болар, биыл облысымыз туризмнің даму қарқыны бойынша бұрын болып көрмеген рекордтық көрсеткіштерге қол жеткізіпті. Осы салаға жауапты орындардың ақпараттына сай, биылғы қантар мен қазан айлары аралығында аймаққа 1,6 миллион турист келген, бұл былтырғы осы кезеңмен салыстырғанда 31%-ға артық. Бұл көрсеткіштер Қазақстанның, оның ішінде Алматы

облысының саяхатшылар үшін танымал бағытқа айналып келе жатқанын айқын көрсетеді.

Аймаққа арнайы ат басын бұрған туристер арасында шетелден келген саяхатшылардың барынша артуы ерекше назар аудартады. eQонақ жүйесінің мәліметінше, 2024 жылдың 10 айында Қазақстанға сырт елдерден 111 352 шетелдік турист келген, бұл 2023 жылғы көрсеткіштен 73%-ға жоғары. Мұндай өсім алыс-жақын шетелдердегілердің біздің елдің табиғи байлығы мен мәдени мұрасына деген қызығушылығының арта түскенін байқатады.

Өңірдегі басты туристік нысандар ретінде облыс аумағында орналасқан ұлттық саябақтарды бөле-жара айтып кеткен жөн. Тұмса табиғат аясындағы асқар таулардың қойнауына орналасқан «Көлсай



көлдері» ұлттық паркі, «Іле Алатауы» ұлттық паркі басқа елдерден келгендердің көзіайымына айналған. Жұмбағы мен сыры мол Шарын шатқалының орны тіптен бөлек. Бұлардан басқа да туристерді тәтті ететін тамаша орындар жетіп артылады. Алматы облысындағы табиғи және тарихи орындар қазақстандық туристерді ғана емес, әлемнің түкпір-түкпірінен келетін саяхатшыларды тәтті етіп, өзіне тартуда.

Туризм саласындағы биылғы жетістіктер Алматы облысының Қазақстандағы басты туристік орталықтардың бірі ретіндегі мәртебесін нығайта түскені сөзсіз. Өңірдің қайталанбас табиғи ерекшеліктері мен артықшылықтары, бай тарихы, туризм саласындағы сапалы қызмет көрсету және ел мен жерді насихаттау саяхатшылардың жүрегін жаулауда.



AIQYN

Меншік иесі – «Айқын-Литер» ЖШС

Директор –
Талғат ЕШЕНҰЛЫ

Бас редактор –
Амангелді ҚҰРМЕТ

Гүлзина БЕКТАС –
Бас редактордың
бірінші орынбасары

Ботагөз МАРАТҚЫЗЫ –
Шығарушы редактор

Елдар ҚАБА –
Секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:
Абаал АЛПЫСБАЙҰЛЫ –
Ақмола облысы
Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ –
Алматы қаласы
Саятхан САТЫЛҒАН –
Жамбыл облысы
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ –
Қарағанды облысы
Назғұл НАЗАРБЕК –
Шымкент қаласы
Жанат ҚАЙЫРҒОЖИНА –
Батыс Қазақстан облысы
Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ –
Қызылорда облысы
Банн ЖАНЖАҚ –
Атырау облысы

«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ
ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:

Кәсіпорындар,
мекемелер үшін – 15102
Зейнеткерлер,
соғыс ардагерлері үшін – 55102
Жеке жазылушылар үшін – 65102

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:
8(701) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31
reklama.aikyn@gmail.com

ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:
8(717) 804-41-32
podpiska.alt@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның»
компьютер орталығында беттелді

ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Талсырыс №4524

Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Сілеті көшесі 30,
тел.: 8(7172) 99-77-77
Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ» АҚ
Мұқанов көшесі, 223 Б
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС,
Әлімқұлов көшесі 22,
тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114,